Принятием Конституции были определены долгосрочные цели и приоритеты общественного развития, за период истории произошла их сверка с жизненно важными интересами народа, получила развитие национальная государственность: «гарантированность прав и свобод человека, строительство гражданского общества и правового государства, обеспечение гражданского мира и межнационального согласия, достойной жизни для себя и для своих потомков – вот в сжатом виде наши стратегические задачи»³.

Принимая во внимание многочисленные пожелания казахстанцев, было сохранено название государства – Республика Казахстан. Это обусловлено было также и юридическим моментом: Казахстан стал полноправным членом мирового сообщества, заключил множество международных соглашений и договоров, уже сформировалась целая система законодательства под этим названием⁴.

Наибольшим изменениям подверглись разделы по вопросам государственного устройства. Именно с ними было связано введение нового раздела, посвященного конституционному совету, который является отдельным органом защиты Конституции страны. Он предлагался вместо Конституционного суда. Этот путь реформирования обеспечил равное участие при его формировании как Президента, так и обеих палат.

В проекте Конституции за основу процедуры роспуска парламента была предложена французская формула: Президент после консультации с руководителями обеих палат и Премьер-Министром распускает парламент. Н.А. Назарбаев предложил отойти от этой формулы, учитывая мировую практику и стремление в максимальной мере защитить и государство и государственные органы и в то же время недопустить падения авторитета законодательного органа. Новая Конституция обеспечивала независимость судей при отправлении правосудия, была поставлена окончательная точка в дискуссиях о статусе

¹ АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.271. Л.11.

² Там же. Л.3.

³ АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.265. Л.2-3.

⁴ АП РК. Ф.5-Н. Оп.1. Д.5003. Л.3.

прокуратуры, которому теперь возлагались и контрольные функции за действиями следственного органа.

Впервые за многовековую историю была дана характеристика Республики Казахстан в качестве независимого, демократического и унитарного государства. Суверенитет Казахстана не ограничен, его территория является целостной, неделимой и неприкосновенной. Тем самым, окончательно пресекались любые территориальные претензии. Высшей ценностью признавался человек, его жизнь и свобода. Народ Казахстана выступал носителем суверенитета и единственным источником государственной власти.

Социологической группой Института развития Казахстана летом 1995 года был проведен анализ общественного мнения по проблемам обсуждения и принятия новой Конституции. Работа, проведенная по всем 19 областям Казахстана и г. Алматы, показала самую высокую активность населения к политическому процессу. Несмотря на существующий некоторый разброс мнений на местах, прогнозные оценки об участии на референдуме варьировались от 86 до 95% избирателей¹.

Массовое участие граждан в референдуме, совпадение их взглядов и мнений создали базу для политической стабильности в стране, открыли перед главой государства не только тактический но и определенный стратегический простор, дали возможность осмыслить азимуты дальнейшего движения. Остались неизменными главные цели «Стратегии становления и развития Казахстана как суверенного государства», обнародованные Н.А. Назарбаевым в 1992 г. обеспечение стабильности и межнационального согласия; формирование социальной рыночной экономики; создание правовых условий и практической базы для реализации принципа экономической свободы человека; построение общества, обеспечивающего достаточный уровень благосостояния всех граждан; развитие этнической самобытности и культурного многообразия; углубление демократических преобразований, обеспечение плюрализма в политике; формирование достойного имиджа Казахстана в мировом сообществе.

Новая Конституция представлена как целостный четкий и реальный «договор народа с властью», ею устанавливались понятные каждому фундаментальные, системообразующие, приоритетные элементы правового статуса человека и гражданина, организации общества, построения и функционирования государственной системы.

Конституционными императивами были приняты пять векторов нациестроительства: 1. Межнациональное согласие и политическая стабильность; 2. Экономическое развитие на благо всего населения республики; 3. Целостность страны и единство многонационального народа; 4. Казахстанский патриотизм; 5. Разрешение всех вопросов государственной важности мирными, демократическими методами.

Конституция 1995 г. впервые определила, что земля может быть в собственности государства и в частной собственности. Но труднее всего было определиться по языку. Рассматривались всевозможные варианты. После неоднократных социологических опросов и дебатов пришли к выводу государственным оставить казахский язык с добавлением важного положения об использовании русского языка в стране. Введение второго государственного языка лишь законсервирует и углубит существующее фактически неравное положение казахского языка, что было бы историческим преступлением по отношению к казахам, отмечал Президент РК, выступая перед членами Ассамблеи Народа Казахстана 30 июля 1995 года.

Наиболее радикальным изменениям подверглись нормы Конституции о Парламенте. Появление компактного двухпалатного законодательного органа, как показывает история, оказалось эффективным законотворческим механизмом в условиях казахстанских реалий.

Был четко обозначен конституционный статус Президента. Он является Главой государства, гарантом Конституции, обеспечивает взаимодействие и согласованную работу государственных органов, а также занимает определяющее положение в отношении исполнительной ветви власти. Это позволяет Президенту играть ключевую роль в политической модернизации государства.

Сегодня весь мир признает успехи Казахстана как демократического, правового, социального государства с рыночной экономикой. Их достижение стало возможно благодаря эффективной деятельности Президента РК Н.А. Назарбаева, прошедшего за короткий

¹ АП РК. Ф.5-Н. Оп.1 Д.5308. Л.15.

исторический промежуток времени комплекс экономических, политических и социальных реформ. Документы, представленные на выставке, демонстрируют значимость его законодательских начал в конституционном строительстве. Основной закон заложил мощный потенциал поступательного развития, дальнейшего осуществления модернизационных преобразований в политике, экономике, социальной сфере, позитивное решение которых гарантировано триединством: подотчетной исполнительной, сильной законодательной и независимой судебной ветвями власти, получивших в 1995 г. свое институциональное оформление с принятием новой Конституции независимого Казахстана.



К 20-ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Е. Чиликова,

Руководитель Управления научной публикации документов

КОНСТИТУЦИОННАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

В 2015 г. казахстанцы отметили несколько важнейших юбилейных дат. В их числе Год Ассамблеи народа Казахстана¹ (далее – АНК) [1] и 20-летие Конституции РК. Как известно, действующая Конституция была принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г. Однако конституционная история Казахстана началась задолго до появления современного государства.

В истории Казахского ханства своды степных законов разрабатывались трижды. Основы казахского законодательства заложил Касым хана (здесь и далее – годы правления 1511–1518 гг.) «Қасым ханның қасқа жолы» – «Светлый путь хана Касыма». Так назывался древнейший, не дошедший до нас свод законов, по которым жили казахи. Документ сохранился в народных преданиях. Хан Есим (1598–1628 гг.) принял ряд поправок к этому кодексу, получивших название «Есім ханның ескі жолы» – «Древний путь Есим хана». Главным инициатором единственного дошедшего до нас (хоть и в отрывках) правового кодекса средневековых казахов «Жеті жарғы» – «Семь установлений» был Тауке хан (1680–1715 гг.). По одному из преданий, соавторами хана были три крупнейших бия: Толе би из Старшего, Казыбек би из Среднего и Айтеке би из Младшего жузов [2].

Будучи в составе Российской империи Казахстан не имел конституции. Как впрочем основного закона не было и у Царской России. Государство функционировало на основе Свода законов Российской империи и принимаемых царским правительством актов-реформ (отмена крепостного права, судебные реформы и т. д.).

В 1911 г. Барлыбек Сыртанов подготовил проект документа под названием «Қазақ елінің Уставы» – «Устав страны казахов».

21 ноября 1917 г. газета «Казах» опубликовала программу партии «Алаш». По своей структуре документ соответствовал конституциям многих европейских государств. В нем отмечалось, что «Казахская автономия может составить единое образование вместе с другими заинтересованными в этом народами, а если нет, то с самого начала может стать самостоятельной единицей». Тогда же был организован Временный народный совет Алаш-Орда из 25 членов, при этом 10 мест предоставлялось народам, проживающим среди казахов. Проект отражал такие идеи как разделение государственной власти на три ветви, всеобщий характер выборов и т. д. [3].

В советский период в Казахстане было разработано три Конституции. По решению I Учредительного съезда Советов КАССР 11 ноября 1920 г. Постановлением Президиума ЦИК КазАССР была создана комиссия для работы над проектом Конституции. Проект был подготовлен ко II съезду Советов КАССР (октябрь 1921 г.). Ввиду необходимости дальнейшей доработки проекта Конституции было решено передать его в одну из секций съезда. Проект Конституции был представлен на обсуждение IV съезда Советов КАССР

¹ Ассамблея народов Казахстана была образована 1 марта 1995 г. как консультативно-совещательный орган при главе государства. Первый президент Республики Казахстан Н. Назарбаев является пожизненным председателем Ассамблеи.

(январь 1924 г.), который принял его за основу и поручил ЦИК республики осуществить дополнительную редакцию текста. В связи с объединением казахских земель осенью 1924 г. V съезд Советов (апрель 1925 г.) поручил КазЦИКу внести в текст проекта Конституции необходимые изменения и дополнения. II сессия ЦИК КАССР V созыва (6–9 октября 1925 г.) вновь рассмотрела текст Конституции, одобрила его и передала на рассмотрение во ВЦИК РСФСР. Данный Основной закон закрепил форму правления, государственного устройства, политический режим, структуру органов государственной власти, исполнительно-распорядительных органов. Были определены основные начала активного и пассивного избирательного права, бюджетного права. Согласно Конституции Казахстан являлся равноправной республикой в составе Российской Федерации. Однако в РСФСР этот проект так и не был утвержден [4]. Тем не менее, документом руководствовались все государственные органы автономной республики.

Материалы по работе над Конституцией 1937 г. отложились в т. ч. и в Архиве Президента Республики Казахстан (далее – АП РК). Среди них Постановление Президиума КазЦИКа от 20 июня 1936 г. об образовании Конституционной комиссии в составе 35 человек для выработки Основного Закона КазССР. Председателем комиссии назначили Левона Мирзояна, партийного руководителя Казахстана. Над проектом трудились такие государственные деятели как Джанайдар Садвакасов, первый заместитель председателя Казсовнаркома, Садык Нурпеисов, второй секретарь Казкрайкома ВКП (б), Узакбай Кулумбетов, председатель КазЦИКа, Сулеймен Ескараев, прокурор республики, Сейтгалий Мендешев, председатель Комитета по ученым учреждениям при ЦИК КАССР/ Комитета по науке при Совнаркоме и др.

Подготовленный проект был представлен на рассмотрение союзной Комиссии, которая одобрила его и вернула с небольшими поправками. В конце января 1937 г. проект был рассмотрен и одобрен на бюро Казкрайкома ВКП (б) и передан на рассмотрение ЦИК КазССР. 9 февраля 1937 г. он был опубликован в республиканских СМИ для всенародного обсуждения, которое длилось почти полтора месяца [5]. Конституция была принята на X Всеказахском съезде Советов 26 марта 1937 г. Состояла из 11 глав и 125 статей и закрепила факт образования Казахской ССР в составе Советского Союза. В Основном Законе было прописано: «Вне пределов ст.14 Конституции СССР Казахская ССР осуществляет государственную власть самостоятельно, сохраняя полностью свои суверенные права». Также были закреплены добровольное объединение с другими равноправными республиками в целях осуществления взаимопомощи по линии экономической, политической обороны, неизменяемость территории без согласия Казахстана. Установлена система органов суда и прокуратуры. Судопроизводство должно было вестись на казахском языке, а в районах проживания других национальностей – на языке большинства.

Конституция, принятая на внеочередной VII сессии Верховного Совета Казахстана IX созыва 20 апреля 1978 г., состояла из преамбулы, 10 разделов, 19 глав, 173 статей. Вся власть принадлежала народу, который классово подразделялся на рабочих, крестьян и интеллигенцию, трудящихся всех национальностей. Над системой органов власти и управления была поставлена Коммунистическая партия Казахской ССР. Основой экономической системы республики была объявлена государственная, кооперативно-колхозная и собственность профсоюзных и иных общественных организаций. Были определены национально-государственное и административно-территориальное устройство республики, компетенция высших и местных органов власти и управления, принципы избирательной системы, правовой статус народных депутатов, институты государственного плана экономического и социального развития, государственного бюджета, правосудия, арбитража, прокурорского надзора и т. д.

Первая Конституция независимого Казахстана была принята на IX сессии Верховного Совета Казахстана XII созыва 28 января 1993 г. Структурно она состояла из преамбулы, 4 разделов, 21 главы и 131 статьи. Конституция впитала многие правовые нормы, принятые с момента обретения Казахстаном государственного суверенитета: народный суверенитет, независимость государства, принцип разделения властей, признание казахского языка государственным, признание Президента главой государства, органов суда – Верховного, Конституционного и Высшего Арбитражного судов и др. В основу Конституции 1993 г. легла модель парламентской республики. Закрепляя независимость Казахстана,

Конституция вместе с тем отразила сложность и противоречивость первых лет независимости. С одной стороны, она фиксировала юридические основы для дальнейшей трансформации всех сторон жизнедеятельности республики в направлении формирования рыночной экономики и демократического государства, с другой – вызывала широкие дискуссии о полномочиях законодательной и исполнительной ветвей власти, поскольку в ее тексте этот вопрос остался неурегулированным. Такая ситуация не способствовала как стабилизации политической и социальной ситуации в стране, так и закреплению курса на трансформацию всех сторон общественной жизни. Предметом общественной полемики стали некоторые принципиальные положения Конституции, касающиеся характера государственности, вопросов государственного языка, частной собственности на землю и гражданства.

Принятию действующей Конституции Республики Казахстан предшествовало широкое обсуждение проекта населением страны. В общей сложности состоялось около 33 тыс. коллективных обсуждений проекта, в которых приняли участие более 3 млн. граждан. Во время обсуждений было внесено почти 30 тыс. предложений и замечаний. В 55 статей были внесены более 1100 поправок и дополнений [6].

В действующую Конституцию изменения и дополнения вносились три раза: в 1998, 2007 и 2011 гг. В 1998 г. были внесены изменения и дополнения в 19 ст. Они коснулись сроков и полномочий Президента, депутатов Сената и Мажилиса, был снят предусмотренный ранее верхний возрастной предел для госслужащего. Конституционная реформа способствовала формированию условий для расширения возможностей участия политических партий в выборах в Мажилис парламента РК. Было предусмотрено, что 10 депутатов Мажилиса избираются на основе партийных списков по системе пропорционального представительства. В 2007 г. были приняты следующие поправки: переход к пропорциональной избирательной системе; укрепление статуса Парламента за счёт введения нормы об утверждении премьер-министра парламентским большинством и процедуры консультаций Президента с партийными фракциями при назначении главы правительства; Ассамблея народа Казахстана была наделена конституционным статусом и получила право делегировать своих представителей в Мажилис и Сенат Парламента согласно установленной квоте. В феврале 2011 г. в Конституцию были внесены изменения, направленные на установление конституционных основ назначения и проведения внеочередных выборов президента страны [7].

Особенности Конституции 1995 г.:

- из преимущественно политического и идеологического документа, какими были тексты Конституций 1978 г. и 1993 г. стала, прежде всего, правовым актом;
- максимально освобождена от положений и норм, не соответствующих целевым и ценностным установкам основных социальных групп (национальных, социальных и религиозных и др.), составляющих единый народ Казахстана; в нее включены лишь те идеи, положения и нормы, которые способствуют объединению и консолидации граждан;
- фиксирует, что единственным источником государственной власти в Казахстане выступает народ; исходя из народного суверенитета, декларирован принцип «единства государственной власти» и ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви, взаимодействующие между собой на основе системы сдержек и противовесов;
- закреплена конструкция государственной власти в ее политико-территориальной организации и системе высших госорганов, а также унитаризм и превалирование исполнительной ветви власти, лидером которой является Президент [8].

АП РК располагает комплексом документов, связанных с принятием Основного Закона 1937 г., первой и второй Конституций РК. В Архиве хранится подлинник действующей Конституции. В составе фонда № 5-Н «Президент РК» отложились такие документы, как проект Конституции РК и документы к нему; предложения и замечания министерств, ведомств, областных администраций и маслихатов, общественных объединений к проекту Конституции; документы о ходе обсуждения проекта новой Конституции; документы о ходе подготовки референдума; сравнительный анализ статей проекта новой и действующей на тот момент Конституции; стенограммы заседаний Конституционной комиссии под председательством Президента РК; стенограммы его пресс-конференций и выступлений по обсуждению проекта Конституции, а также по итогам референдума и принятию новой Конституции и ряд др. [9].

Подлиннику первой Конституции суверенного Казахстана от 28 января 1993 г. в Национальном архиве Республики Казахстан (г. Астана) присвоен фонд 1, единица хранения 1 [10].

В Центральном государственном архиве РК (далее – ЦГА РК) отложились: проект Конституции КАССР (1926 г.) в фонде ЦИК КАССР (Ф.Р-5), документы о назначении комиссии по разработке и редактированию Конституции КазАССР 1925 г. в фонде Совнаркома КАССР (Ф.Р-30.), Конституция КазАССР 1937 г. (Ф.Р-30. Оп.5. Д.190, 191). Представления об организации и ходе проведения референдума по принятию действующей Конституции также дают документы, отложившиеся в фонде Центральной Избирательной Комиссии РК в ЦГА РК. Это копии указов Президента РК, постановления Центральной комиссии референдума и Центральной избирательной комиссии, протоколы заседаний комиссий и обращения граждан [11].

Комплексы документов, содержащих сведения о том, как проходило обсуждение проекта новой Конституции в регионах, отложились и в Государственных областных архивах. Например, в Павлодарской обл. были созданы общественный комитет и рабочие группы по подготовке референдума. В их состав входили представители профсоюзов, партий Народное единство Казахстана, Демократической, областного Совета женщин, Союза пенсионеров, областного Совета ветеранов, Союза молодежи Казахстана и Крестьянского союза. В документах отмечается, что обсуждение было действительно активным. В области прошли свыше 500 собраний, 130 сходов граждан, в которых приняли участие более 112 тыс. человек, выступили около 2500 человек. Среди архивных документов имеются сведения об обсуждении проекта коллективом Павлодарского алюминиевого завода, информации городских и районных администраций, компании «Павлодартрансхолдинг», обращения депутатов областного Маслихата к избирателям, обращение трудового коллектива Ермаковского завода ферросплавов к гражданам и трудовым коллективам РК и др. Все предложения учитывались, фиксировались и отправлялись в Экспертно-консультативный Совет при Президенте РК [12].

В юбилейный год Ассамблея народа Казахстана города Алматы совместно с КГУ «Қоғамдық келісім» инициировала в Центральном государственном музее РК выставку «Моя страна. Моя семья. Моя история». Экспозиция была подготовлена при участии АП РК, ЦГА РК, ЦГА КФДЗ, ЦГА НТД и этнокультурных объединений г. Алматы. Мероприятие, подчеркнув политико-правовую значимость Основного закона, закрепляющего равенство всех национальностей, проживающих в Республике, еще раз обратило внимание общественности на крепкие узы дружбы и понимания, которые связывают все этносы, живущие в мире и гармонии под одним шаныраком, в одной стране – Казахстан.

Список источников и литературы:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы алғашқы қадамдар (1995–1997 жж.). Құжаттар мен материалдар жинағы – Астана: Жасыл Орда ЖШС, 2015 – 206.
2. Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. – Алматы: Creodos, 2008 – С.99, 107.
3. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж.; Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – С.438–441; 504–505.
4. В братском единстве народов СССР. Документы и материалы 1920–1937 гг. – Алма-Ата: Казахстан, 1972. – С.605.
5. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.10610. Л.1.; В братском единстве народов СССР. Указ. соч. – С.633.
6. История конституционализма в Казахстане / Казахстан 20 лет независимости: Монография / Под общей ред. Б. К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – С.10–22.
7. Конституционная реформа – новый этап в развитии Казахстана: Материалы «круглого стола» (22 мая 2007 г.) – Алматы: КИСИ при Президенте РК. – 151 с.
8. История конституционализма в Казахстане. Указ. соч. С.10–22.
9. АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.10610.
10. Қазақстан республикасының ұлттық мұрағат қорлары бойынша жөнсілтер (1991–2008 жж.). – Астана, 2009. – С.13.
11. Г. Каратаев. Из истории республиканского референдума по проекту новой Конституции Республики Казахстан // Қазақстан мұрағаттары (Астана) – 2005 № 1 (1) – С.142–147.
12. В. Болтина «Из истории обсуждения проекта Конституции РК в Павлодарской обл. // Қазақстан мұрағаттары (Астана) – 2005 № 1 (1) – С.62–66.



Представители этнокультурных объединений города Алматы. 26 сентября 2015 г.
Центральный Государственный музей РК, г. Алматы.
Фото Фролова А. (Союз казаков Семиречья)



Рабочий момент презентации выставки «Моя страна. Моя семья. Моя история».
26 сентября 2015 г. Центральный Государственный музей РК, г. Алматы.
Фото Фролова А. (Союз казаков Семиречья)

Г. Жүгенбаева,

*Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
Тарихнама, деректану және заманауи методология бөлімінің меңгерушісі,
тарих ғылымдарының докторы*

ХАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚҰЖАТТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРІ

Мемлекеттік тұрғыдан қоғамның тарихи санасын қалыптастыруда, тарихи танымды негіздеуде және зерттеуде халықтың тарихи жадына барынша мән беру аса маңызды. Халық өз тарихының куәгері, жеткізушісі және сақтаушысы. Бұл аксиомалық ақиқат. Тарихи деректердің сан алуан мол қорын сақтаған «халық жады» өзінің қайталанбайтын және шексіз мүмкіндікке ие ерекшелігімен сипатталады. Халық жадындағы деректерді деректемелік тұрғыдан естеліктерге, ауызша тарих материалдарына қарай сыныптаған ыңғайлы. Деректемелердің аталмыш түрлері еліміздің мұрағат қорларындағы құжаттар тізбесінде, жеке жинақтар түрінде баспалық кітаптар сипатында, сондай-ақ электрондық ресурстар ретінде арнайы сайттарда шоғырланған. Тарихшылар өз зерттеулерінде аталмыш дерек түрлерімен деректанулық жұмыс жүргізудің біршама тәжірибесін енгізді.

Тарихи деректемелердің осы бір аса тартымды түрлерін өткен ХХ ғасырдың тарихын сан қырынан танып-білуде, зерттеуге пайдалану оң нәтиже бере алады. Аталған жүзжылдық кезеңнің бастапқы тарихи Ресей империясының отар халықтарға қатысты саясатының шиеленісімен, түрлі революциялық толқулармен, саяси күрестердің ұлттық сипатының басымдығымен көрініс тапты.

1914–1918 жж. қамтыған бірінші дүние жүзілік соғыстың Қазақстандағы екпіні – атақты 1916 жылғы көтерілісті туғызды. Қазақ халқының еріксіздік кезеңіндегі аса ауыр зардаптарымен қалған осы мәселе жайында мол деректер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында, Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатында, таяу шет елдердің Ресей Федерациясы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттары қорларында, мерзімді баспасөзде және сол кезеңнің куәгерлері қазақ зиялыларының мұраларында табылады [1].

Бірінші дүние жүзілік соғыстың қазақ еліне экономикалық-әлеуметтік тұрғыдағы салмағы саяси-мемлекеттік және ұлттық мәселелермен жалғасқаны мәлім. Бірнеше кезеңдерден тұратын тарихи құбылыстың шырқау шыңы қазақ өлкесін қамтыған көтерілісті туғызды. ХІХ ғасырдың соңына қарай үдей түскен метрополияның отарлау саясаты қазақ өлкесіне славян халықтарын қоныстандыру саясатын күшейтті.

Көтерілістің Жетісу аймағында түрлі сипат алып, қарқынды жүргізілуі осы кезеңнің тарихын зерделеуде бірнеше іргелі сұрақтарды қарастыруды талап етеді. Естеліктер мен ауызша тарих материалдарын терең жан-жақты салыстырмалы-салғастырмалы және қиындылық әдістерімен тарихи тұрғыдан талдау осы сұрақтардың нақтылы жауаптарын ұсынады. Қазақ зиялыларының көтеріліс тұсындағы позициясы, жалпы бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы қоғамдық қызметтері, жеке тұлғалардың ұстанымдары мен көзқарастары аталған деректемелерде сақталған. Осы кезеңнің жәй куәгері, бақылаушысы болып қана қоймай туған халқының, ұлтының мүддесі үшін табандылықпен басқыншы билікке ресми мінбер арқылы күрескен Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, М. Дулатов тәрізді тұлғалардың іс-әрекеттері ұрпаққа өнеге. Әсіресе Мұхамеджан Тынышбаев (1879–1938) осы кезеңде өзінің күрескерлік, азаматтық рухымен қоса зерттеушілік-ғалымдық қырларын көрсетті. Тікелей куәлік етуші тұрғысында жазған қайраткердің «Верный округтық соты прокуроры бұйрығымен тергеушіге берген жауабы», «Жетісу және Сырдария облыстарындағы көтерілістің себептері туралы ресми орындарға жазған мәліметтері», «Сырдария облысының әскери губернаторына арналған көтеріліс туралы мәлімдемесі» және т. б. [2] жазбалары шын мәнісінде, жеке дара зерттеу жұмыстары болып табылады. Ресми билікке заңдылық негізде талап қоя білетін, жастайынан туған еліне адал қызмет етуімен танылған М. Тынышбаевтың өз жазбаларымен қоса, жергілікті халық өкілдерінің оқиғаға қатысты куәгерлік жауап-түсіндірмелерінде өзі растап, қол қоюы барынша белсенділікті және жауапкершілікті көрсетеді. Халық жадының тарихымызды түгендеудегі деректемелік әлеуетін осы тарихи жазбалар айғақтай алады.

Дүрбелең бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың қатысуы мәселесінен туындағаны белгілі [1]. Қазақ халқы Ресей бодандығын қабылдаған кезеңнен бері, мұндай міндеткерлік жүргізілмеді.

Әскери қызмет мәселесі қазақтар үшін күтпеген жағдай болып қобалжыту туғызды. Алаш зиялылары бұл мәселемен ертерек айналысқан. «Қазақ» газеті бетінде бұл тақырыпқа байланысты сан алуан мақалалар жарық көрді. Мысалы, газеттің 1915 жылдың желтоқсанынан бастап, 166, 178, 179, 184 нөмірлері қазақтан әскер алынуы жайында материалдар басты. Мақалалар мазмұнында соғысты халықтың түсіністікпен қабылдаған. Олардың мұны қалыпты жағдай деп түсінгенін М. Тынышбаев көрсетті. Ол негізінен қазақтарды әскери қызметтің сипаты (атты не жаяу әскер) ғана алаңдатқанын жазады: «Қазақтардың көпшілігі (оның ішінде мен де) казак-орыспен теңесіп, жерімізді сақтау мақсатында атты әскер қатарында қызмет етудің тиімділігін жақтадық. Қазақтардың тек азғана бөлігі жаяу әскер құрамында болуды қалады». Қазақ халқында туу туралы куәліктің болмайтыны, мұның өзі жағдайды ауырлататыны ескерілді. Сондықтан жақын арада қазақтарды әскери қызметке тарту мүмкін еместігін түсіндіре келіп автор, «бұл мәселе іске асқан жағдайда, аса қиындық болатынын, оны зиялылардың күні бұрын болжап білгендерін» [3, 99-б.] айтты. Осындай шешілуі қиын мәселені орталық үкіметке жеткізу үшін Ә. Бөкейханов бастаған өкілдер Петербургқа аттанған.

Сапардың барысы туралы жазып тұрған «Қазақ» газеті, қазақтан әскер алу кейінге қалдырылғаны туралы хабарлады. М. Тынышбаев соған қарамастан қазақтарға әскери қызметтің қайсысы қолайлы деген пікір маусым айына дейін толастаған жоқ деп жазды [3, 99-б.]. Бірақ қазақтар майданға алынатын болды. Ол туралы 1916 жылы 25 маусымда патша жарлығы шықты. Онда қазақтардың, Орта Азия халқымен бірге майданның қара жұмысына 19–43 жас аралығындағылары жедел шақыртылатыны көрсетіледі.

Үкімет жарлығы өте асығыс жарияланды. Алдын-ала еш дайындығы болмаған халық дағдарып қалды. Қазақ зиялысы мемлекеттік дәрежедегі мұндай маңызды шараның даярлықсыз жүргеніне тоқталды. Жарлыққа байланысты ел арасында түрлі алып-қашпа әңгімелер шықты. Әсіресе келімсек-орыстар айтқан түземдіктерді әскерлердің алдына қалқан болу үшін алады деген дақпырт қырда тез тарайды. Қазақтарға шошқа етін беріп, кейін Ресейде қалдырады екен, оларды шоқындыратын көрінеді деген болжамдар да жасалып жатты. Шілденің алғашқы жартысында Жетісу әскери губернаторы Фольбаумның бұйрығы жарияланады. Жергілікті халықтың әскери қызмет емес, майданның шаруашылық жұмыстарына тартылатыны көрсетілді.

Бұрынғы алып-қашпа болжамдар енді мүлдем күшейді. Қазақ инженері халықтың қобалжуға толы сұрауларына қалай жауап берерін білмей қиналғандарын жазады [4, 41-б.]. Осы кездегі халықтың көңіл-күйін мына бір дерек нақты көрсете алады. Құжат М. Тынышбаевтың кеңесімен және оның қол қойып растауымен Верный уезінің қазақтары атынан жазылған. Түркістан генерал-губернаторына арналған өтініште: «енді окоптар әскердің алдынан, не артынан қазылады, бұдан жұмысшыларға келетін қатер әлдеқайда қауіпті. Өйткені солдаттар қаруланған, әрі окопта отырады, тек қажет жағдайда ғана шығады. Ал жұмысшылар қарусыз және үнемі окоп қазатындықтан жаудың көзіне бірден түседі деген әңгімелер тарады. Қорқыныш үдей түсті» [5]. Мұндай әңгімелердің даярлығы жоқ аңқау елді дүрліктіретіні анық еді. М. Тынышбаев тауып айтқандай «аз санды қазақ зиялылары екі оттың ортасында қалды...» [4, 42-б.].

Халық толқыды. Патша жарлығын орындауға жедел кіріскен үкіметтің күш жұмсау әрекеттері де наразылықты күшейтті. Пайдакүнемдік, жемқорлық сияқты келеңсіз әдеттердің орын алуы байқала бастады. Зиялылар елді сабырға шақыруға тырысты. Олар үкімет жарлығына қарсы шығудың орны толмас өкінішке әкелетінін халыққа түсіндірді. 11-шілде күні «Қазақ» газеті бетінде, «Алаш азаматтарына!» атты үндеу жарияланады. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатов қол қойған үндеуде: «Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса салыстырып қаралық: ...Көнгенде – шаруаға кемшілікте келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамын, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынбай үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп

истер», [6] – деп жазылды. Бұл сол кезеңдегі ауыр тарихи жағдайға байланысты қабылданған шешім еді. М. Тынышбаев, «Қазақ» газетінің осы үндеу жарияланған саны, аса маңызды хабар жеткізуші нөмір ретінде тез тарап кеткенін көрсетеді. «Оқыған азаматтар газеттің осы нөмірінің бірнешеуін жаздырып алып, халық арасына үлестірген».

М. Тынышбаев барынша көтерілістің алдын алуға, сақтандыруға ұмтылды. Ол қарулы билікке қарсы күрделі жағдайда бас көтерудің зардабын білді. Қазақ халқының сол кездегі даму жағдайы мұндай «көзсіз» іс-әрекеттерге даяр емес еді. Бұл пікірге келу себебін кейіннен КСРО Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасына төмендегідей етіп түсіндіреді. «...менің қазақтар мен қырғыздардың 1916 жылы патша үкіметіне қарсы көтерілісін қолдамауым, патшалық билікке деген сүйіспеншіліктен емес, қазақ пен қырғыздың көтерілістен зардап шегуінен қорыққандықтан еді» [7, 187-б.].

Қазақ зиялы қауымының көтеріліске байланысты пікірі екі түрлі болды. Ел ішінде тыныштық болғанын қалап, елді сабырға шақырған «Қазақ» газетінің көзқарасын ұстанған зиялыларға қарсы, көтеріліс жасауға үгіттеген оқыған қазақтар да табылды. Мысалы, Жетісуда үкіметке қарсы бас көтеруге үгіттеуші Тоқаш Бокин еді. Мұндай үгіт-насихат, жоғарыдағыдай үрейлі әңгімелер, жергілікті билік орындарының жағымсыз әрекеттері, халықтың онсыз да үкіметке қарсы наразылығын күшейтті. Халықты ешбір басу сөз тоқтата алмады.

Стихиялы түрде басталған халық толқуы біртіндеп ашық көтеріліске ұласады. Ол бірден ұлтаралық қақтығысқа айналды. Тамыз айында Жетісу өңірінің көп бөлігі көтеріліс құшағына тартылды. М. Тынышбаев генерал Куропаткин қабылдауында болғаннан кейін, Пішпек қырғыздарын сабыр сақтауға шақырады. Сөйтіп ол соңғы сәтке дейін халыққа болашақты ойлаудың қажеттігін түсіндіріп бақты. Алайда көп кешікпей оның өзі тұтқынға (үй тұтқыны) алынады. Оны үкімет көтеріліске қатысты деп айыптады.

Жетісу өлкесіндегі көтерілістің себебін отаршылдық билік сыртқы жасырын күштерден (әсіресе, түркішілдік және исламшылдық фобия) іздегенін, саяси-экономикалық езгінің ұлтаралық қақтығысқа ұрындырғанын, басқару жүйесінің отар аймақтардағы заңсыз жүгенсіздіктерінің зардаптарын сол кезде-ақ қаймықпай айтып, терең саралап, тіптен сараптамалық талдаулармен зерттеулер жүргізген қазақ зиялылары еді. Мұны да мұрағаттық деректемелердегі естеліктер мен куәгерлер түсіндірмелері айғақтайды.

Қоныстанушы славян тұрғындарының жергілікті халыққа қысымшылығы зорлық-зомбылықпен ұштасты. Облыстың Қапал уезінде казак-орыстар қазақтардың қарсы шығуына да мұрша бермейді. Олар қазақ пышағы мен ескі қылышты пайдаланған ұстаны бүлік ұйымдастырғалы жүр деген желеумен, жолдарында кезіккен екі қазақты қосып алып, Қарабұлақ станциясына алып келеді. Бұларға тағы да 11 қазақты қосып алып, бәрін қолдарын артына қайырып байлап, еш себепсіз атып тастайды [8]. Алтын Емелде де осылай кінәсіз 30 қазақ өлтірілген.

Қоныстанушылардың қазақтарды арандатып, олардың мекен-жайларын тартып алғанын көрсететін фактілер де жеткілікті. Самсы болысы қазағы өз арызында тамыз айында Пішпек уезінің көшпелі болыстарында наразылық басталғанда, бүлікшілер өздерін күшпен қосып алар деген қауіппен, көрші орыстарды бірге қорғануға шақырғандарын айтады. «...Олар аманат үшін адам талап етті. Біз екі үйелмен 12 адамды және болыс басқарушысын жібердік. Өзіміз бүліктен аман Покровка селосына көрші қоныстас болуға жинақталып жаттық. Бірақ таң ата өлімші болып жараланған 12 адамның бірі өзер келіп, қалған 11 адамның болыс басқарушысымен қоса орыстардың қолынан өлтірілгенін айтты». Бірге қорғанамыз деп орыстарға үміт артқан қазақтар осылай да жазықсыз құрбан болды. Арыз иесі, одан әрі казак-орыстармен бірге келген орыс шаруаларының өздеріне келіп, ойран салғанын баяндайды: «Бізді ессіз қорқыныш, үрей билеп, бүлік басылғанша бола тұрамыз деген оймен жазғы жайлауымызға, Александров асуына қарай қаша жөнелдік. Бүлікке қатыспасақта, келімсектер өздерінің айуандық әрекеттерін ақтау үшін бізді бүлікшілер деп айыптады».

Сөйтіп, келімсектер қырғыздардың астықты алқапта орналасқан үлесті жерлерін өздері иемдену үшін осындай қатігездіктерге барған. Арыз иесі өтінішінің соңында «...бізге барар жер қалған жоқ. Ашыққан кедейлер өз егіндеріне барып орыстар жинап әкеткенен қалған масақтарын теруге барса, казак-орыстар оларды ұрып-соғып өлтіріп кетуде» [9], – деп жазады. Қазақ зиялыларының пікірлерімен үндестік тәуелсіздіктен бергі кезеңдегі отандық тарихнамада байқала бастады [10]. Тарихи сананы қалыптастыру, дамыту өткеннен тағылым алумен, оның сабақтарымен ескерілсе ғана нәтижелі.

Енді тікелей куәгер ретінде М. Тынышбаевтың ресми билікке жауабына тоқталайық. Қазақ зиялысы Верный округтық соты прокуроры бұйрығымен тергеушіге көтеріліске қатысты өзінің көзқарасын, пікірін жазып берді [11].

Жауабының көшірмесін Түркістан генерал-губернаторына да ұсынады. Оның жауабы шын мәнінде, патша билігінің қазақ жерінде жүргізген тағылық саясатын әшкерелейтін бірден-бір тарихи құжаттардың қатарына қосыла алады. Қазақ зиялысы көтерілістің ең басты себебі – отаршылдық саясат, оның салдарының бірі 1916 жыл оқиғасы болғанын көрсетеді.

Оның жауабы Жетісу өлкесіндегі орыс отаршылдығы тарихына арналған зерттеу еді. Өлкенің отарға айналуынан бастап, соңғы уақытқа дейінгі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қысқаша тоқталады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі атақты Столыпин реформасынан кейін қатты өзгеріске ұшырағанын дәлелдейді. 1905 жылы Верный қаласында Қоныс аудару мекемесі құрылады. Қазақтардың тағдырына ерекше әсер еткен үшінші кезеңнің басталғанын көрсететін мекеменің қызметіне жауап беруші төмендегідей баға береді: «Қоныс аудару мекемесін тәжірибелі, Жетісу жағдайымен жақсы таныс түркістандық О.А. Шкапский басқарды. Ол Пішпек уезінің бірқатар жеріне экономикалық зерттеу жүргізіп, 1905 жылдың күзінде жер шаруашылығы мен жерге орналастыру басқармасының меңгерушісі Шванебахқа Жетісуда басы артық жер жоқтығы туралы баяндама жасайды. Шванебах болса, Шкапскийдің қазақтардың жақсы жерлерін қандай жолмен болса да алуы үшін тағайындалғанын айтып, оны 1906 жылы жұмысынан шығарып жібереді. Орнына 1914 жылға дейін С.Н. Велецкий болды».

Содан бастап жер мәселесі келімсектер пайдасына түпкілікті шешіледі. «Велецкий келген бойда-ақ Верный уезінің Шамалған болысынан ірі жер үлесін қазақтардан заңсыз тартып алды. 1908 жылы Лепсі уезінде 3016 десятина жер кесіліп алынды. Алайда бұл жердің тұрғындарының шағымдарымен кесінді жер қазақтарға қайтарылды. 1909 жылы бұл жер қайта кесіледі. 1910 жылы Лепсі уезінде 61 мың десятина жер кесіліп алынды. Мұндай жағдайлар облыста өте көп. Мысалы, мен 1910 жылы Жетісу облысы үстімен өтіп бара жетіп Қарабалтадан Пішпекке дейін, одан әрі Константиновкаға дейінгі, шамамен 75 шақырым аралығындағы почта станциялары, өзара тұтас келімсектер поселкелерімен жалғасқанын көрдім. Пішпек уезін поселкелер жауып кеткен. Пішпектің «Жұмақ жері» туралы Черников, Орел және басқа алыс губерниялардың мұжықтары айтып арман етті» [4, 35-б.] – деп жазады. М. Тынышбаев тек Пішпек уезі ғана емес, Верный, Қапал және әсіресе Лепсі уезінің жағдайы бұдан да ауыр болғанын көрсетеді. Ол Қоныстандыру мекемесінің шенеуніктері заңды аяусыз бұрмалайтынын, өз ойларына келгендерін істейтіндерін де ашық айтты.

Қазақтардың мұндай әрекеттерге қарсы күресіп шамалары жетпегендерін айта келіп автор сондықтан да облыста мал шаруашылығының мүлде құлдырап, жақсы жерлер тартылып алынғаннан кейін егін шаруашылығының, төмендеп кеткенін көрсетеді. 7 жылдың (1907–1914 жылдар аралығында) ішінде облыстың адам танығысыз өзгергенін айта келе, «...жоғарыда келтірілген мәліметтерден кейін көтеріліс болуына себеп көп екені көрінеді, ал соған сылтау болған жергілікті мазмұндағы жағымсыз оқиғалардың өрістеуінен» деп көрсетті. Одан әрі болған жайттың жалпы көрінісінен хабардар ету үшін, өзіне белгілі кейбір оқиғаларды хронологиялық тәртіппен келтіреді.

Оқиғалардың әрқайсысын жеке атаумен, мәселен «Қызылбөрік ісі», «Ботбаев ісі», «Пішпек уезіндегі оқиғалар», «Лепсі уезіндегі толқулар» «Әулиеата уезіндегі оқиғалар» және т. б. деп атап, арнайы тоқталады. Бұл жазбалардан жұмысшы алуды сылтауратқан патша шенеуніктерінің жүгенсіздігі өз алдына, сондай-ақ баюды мақсат етіп, бас пайдаларын көздегендер мен жекелеген адамдардың да ескі жаулықтары көтерілістің тұтануына ұшқын болғаны көрінеді. Мысалы, Лепсі уезіндегі оқиғаның себебі Мақаншы-Садыр болысының басқарушысы Қасым Жақамбаев, оның сыбайластары халық соты Оқыш Омаров пен Жексембек Кінәзовтың пайдакүнемдік әрекеттерінен болған. Парақорлар ауылдастарын ақша, мал алып, жұмысшы тізіміне кіргізбейді. Бұған наразылық білдірген басқа қазақтарды, үкімет жарлығына қарсы деп айыптап әскер шақыртады. Лепсі уезінде қазақтардың жазықсыз қаны төгілуіне бірден-бір осы жемқорлар себепші болды.

Империяның «бөліп ал да, билей бер» деген жымысқы саясатының қазақ даласында толықтай жүргізіліп отырғанын осынау жазба дәлелдейді. «1868 жылғы Ереже қазақтарды адастырғаны соншалық, енді сайлау мен партиялық даушар кезінде тіптен жерден қысылу

қайғысы жайына қалып, бірде-бір сайлау орасан зор парасыз, сатып алусыз өтпейтін болды» [4, 36-б.]. Мұндай әккі саясаттың жемісі көтеріліс кезінде байқалып қалды. «Ботбаев ісі» оқиғасында, болыс басқарушысы Ә. Құрбанғалиев жұмысшы тізімін жасауды, өз партиясынан ешкімді кіргізбей, қарсыласы Бейсебай (фамилиясы белгісіз) жағынан барлық адамды кіргізуінен оқиға басталады. Бұған наразылық білдірген қазақтардың шағымын арнайы шақыртылған пристав Гилев тыңдамайды. Құрбанғалиев, Бейсебай қазақтарды көтеріліске дайындап жүр деген жалған хабар береді. 6-тамызда Гилев Самсы станциясына 20 әскермен келіп, 12 қазақты өлтіріп кетеді. Ал Верный уезіне қарайтын Қызылбөрік болысындағы оқиға, патша шенеунігі Хлыновскийдің кінәсінен болған. 3–4-тамызда аталмыш болыста мал санағы әдеттегідей жүріп жатады. 3-тамызда мұнда әскермен уезд бастығы міндетін атқарушы Хлыновский келеді. Ол келгенге дейін болыста ешқандай бүлік болмағанын көрсетеді. Хлыновский түскі үзіліс кезінде, еш себепсіз қазақтарға 5 сағат ішінде майданға алынатын жұмысшылар тізімін жасауды тапсырады. Және беделді қазақтарды киіз үйге қамап тастайды.

Қазақтарға жұмысшы алу тәртібі анық белгілі болмаған. Олар Хлыновскийден тізім жасайтын адамдарды тұтқыннан босатуды, оларсыз жұмыс бітпейтінін айтады. Мұны Хлыновский қаперіне алмайды. Дағдарған қазақтар қайтадан Хлыновскийге барғанда, ол оларды тыңдамастан аспанға оқ атып, нәтижесінде қазақтардан адам өледі [12]. Маңызды мәселенің жүзеге асырылуы халықтың қайғы-қасіретке ұшырауымен бірге жүргенін, оған жергілікті басқару жүйесінің жауапсыздығы әсер еткенін М. Тынышбаев осылай көрсетіп отырды. Бұл жазбалар басқыншы әкімшілікке жақпайтын еді. Жоғарыда келтірілген шенеуніктердің теріс қылықтары көп жағдайда қайғылы оқиғалардың себепшісі болғанын «бұратана-инженердің» ашық айтуына басқыншы билік келісе қойған жоқ. Ресми орындар М. Тынышбаевты айыптай бастағанын қазақ инженерінің Сырдария облысының әскери губернаторына жазған хатында байқалады [13, 1–3-п.].

М. Тынышбаев тамыз айында уезд басшысының көмекшісі, подполковник Тризнаға аудармашы болып, Әулиеата, Пішпек уездерін аралап қайтады. Осы сапардан өзінің көрген-білгенін, көңілге түйгенін Сырдария облысының әскери губернаторына жазып береді. Мұнда да жарлыққа халықтың ешбір дайындығы, оны мүлде түсінбеуі, ресми үкіметтің халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуге ықпал таныта қоймауы айтылады. Мұның бәрі жазықсыз халықтың қаны төгілуіне әкелгенін көрсеткен хаттың қысқаша мазмұны мынадай: «Қара жұмысқа алу туралы алып-қашпа сөздерге сенген Мерке маңындағы және Әулиеатадан солтүстікке қарай отырған қазақ ауылдары қыстауларын, дүние-мүліктерін тастап, Шуға қарай көшіп кетеді. Осы кезде (тамыз айының басы) Пішпек уезінен үрейге толы хабарлар естіле бастайды. Онда қазақтардың келімсектерге шабуыл жасап жатқаны белгілі болды. Бұл хабардың растығын тексермеген үкімет орыстарды қаруландыруға кіріседі. Сонымен бірге қарулы үкімет әскерлері келіп жетеді. Осындай астаң-кестеңде қаруларына сенген орыс шаруалары, жұмысшы тізімін беріп, тыныш отырған бейбіт қазақтарды тонауға кіріседі. Қорыққан қазақтар беті ауған жаққа қаша жөнеледі; бала-шаға, қарт адамдарынан айрылады. Бұларды өз болыстарына қайтару қажет болды. Сөйтіп, Пішпек уезінің приставы, олардың арасынан 500 қазақты түсініктеме алуға шақырды. Белые Воды поселогына келген бұл 500 қазақты, қарулы орыс шаруалары атып өлтіреді. Қыркүйектің ортасында Асаның приставы 25 солдатпен 25 қарулы келімсек шаруаларды ертіп, әлдеқашан жұмысшы тізімін берген болыстарды арауға шығады. Мұны естіген қазақтар тағы да қаша жөнеледі. Иесіз қалған ауылды жанындағы әскерімен орыс шаруаларына аямай тонатқан пристав Әулиеатаға кері қайтады. Хат иесі Әулиеата уезіндегі оқиғалардың тууына 1) Маусым жарлығының мәнісін үкіметтің алдын-ала түсіндірмеуі; 2) Жергілікті әкімшіліктің дұрыс әрекет жасай алмауы; 3) Шенеуніктердің теріс шешімдері; 4) Орыс шаруаларының қазақ ауылдарын тонаған қылмыстық әрекеттері себеп болды деп қорытынды жасайды» [13, 3-қ.п.].

Подполковник Тризнаның қасына бірде-бір қарулы жасақ ертпей тек аудармашымен (М. Тынышбаевпен) ғана барып, ел үшінде түсіндіру жұмыстарын жүргізуі, уезд халқының қорқынышын басып, көңілдерін жайландырады. Шу, Әулиеата, Мерке аудандарының қазақтары қоныстарына қайтып келеді. М. Тынышбаевтың бұл хаты жауапсыз қалмады. Генерал-адъютант Куропаткин бұйрығымен Әулиеата уезінде тексеру жүргізіледі [13, 1-п.]. Мұны жүргізген уезд бастығы Кастальский мынадай қорытынды жасайды: «...үкіметке қарсы

Жетісу облысында ашық түрде үгіт жүргізілмегенімен Қытаймен шекаралас уездерде Германия, Түркия эмиссарларының орыстарға қарсы насихаты болуы әбден мүмкін».

Уездің орыс халқы ішкі Ресейдің бұзақы, маскүнемдерінен тұрғанымен олардың қару-жарақтары жоқ. Тіпті көтеріліс бола қалған күнде алдымен зиян шегетін болғандықтан, олар көтеріліске қосыла алмайды. Ал қазақтардың өліміне олардың өздері кінәлі. Мысалы, қазақтар Мерке участогында Новотроицк селосы жанында, Кузьминка селосы маңында орыстарды өлтіріп, олардың хуторларын тонағаннан кейін ғана, орыс шаруалары оларға қарсы шыққан. М. Тынышбаев бұл фактілерді ескермеген».

Кастальский, қазақ зиялысының Тризнамен бірге халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізгеннен кейін, елдің қоныстарына қайтып келгендерінде басқаша түсіндірді. Оның ойынша, облыста көтеріліс жеңілгесін орыс үкіметінің күшін қазақтар мойындап, қоныстарына өз еріктерімен келген болып шықты. Сөйтіп, инженер қазаққа өздерінің сапарларын жарнамалаудың қажетсіздігін айтады. Кастальский хаттағы басқа да деректердің бәрін осылайша бұрып көрсетіп, не мүлде жоққа шығарады. Оның пікірінше, барлық қантөгіске тікелей қазақтардың өздері, ал келімсектер тек қорғанған болып шықты. Қазақ зиялысының фактілерді өзгертіп, өлкенің бас басшысы алдында уездің бүкіл әкімшілігін қаралауына келіспейтінін де айтады. Кінәлі қазақтарды инженердің жанын сала қорғауы тек ұят қана емес деп білген ол, хат иесінің сот алдында жауапқа тартылуын сұрайды. «Немесе Тынышбаев әкімшілік жолмен айыпқа тартылуы тиіс» [13, 5–9-пп.] деген Кастальский, басқыншы билік жүйесінің өкілі екендігін дәлелдеп бақты.

Көтеріліс қазан айында аяусыз басылды. Жазалаушы үкімет әскері қазақ, қырғызды қырып-жойып, 1916 жылдың қанды оқиғасын жергілікті халық жуық арада ұмытпайтындай етті.

Көтерілістің орны толмас шығыны болды және 200 000-нан астам (облыстағы қазақ халқының 20 проценті) халық, қазан айында қарлы тау арқылы жат елге (Батыс Қытайға) босып кетті [14]. Ресей империялық үкіметі майданған жұмыс күшін жеткізу ісін жалғастырды. 1916 жыл осындай қайғылы қасіретімен тарихта қалды.

Қазақ қайраткері мұндай жауыздықтардан кейін, «Түркістан өлкесінің орыс тұрғындарының 99 проценті айтып жүрген ең жақсы жолға қойылған «түрік-герман» үгітінің өзі, біз куә болып отырған нәтижеге жете алмас еді» – деп ашық түрде жазып қалдырды.

Бірнеше ғасырларға созылған тәуелділік халықтың ұлттық болмысынан, оның ой-санасынан, тарихи зердесінен айыруға күш салды. 1916 жылғы көтеріліс тарихының шындығы отарлаушы биліктің тарихнамасымен түсіндірілді. Алайда тарихи шындық халықтың өз арасынан шыққан тұлғаларының жанкешті іс-әрекеттерінде сақталып қалды. Азаттық үшін қозғалыстың 1916 жылғы бір серпілісі естеліктер мен ауызша тарих деректеріне түсті. Тарихи деректемелердің аталмыш түрлерін терең зерттеуге көңіл бөлу – отандық деректану ғылымының абыройлы міндеті.

Деректер мен әдебиеттер тізімі:

1. Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879–1938). – Алматы: ҚазККА, 2000. – 228 б.
2. ҚР ПМ (Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты). 811-қ., 20-т., 67-іс, 1–25-пп.; 81-іс, 1–4-пп.; 755-іс, 205–207-пп.
3. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата: Казкрайиздат, 1935. – 148 с.
4. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
5. ҚР ПМ. 811-қ., 20-т., 756-іс., 43–44-пп.
6. Бөкейханов Ә., Байтұрсынов А., Дулатов М. Алаштың азаматтарына! // Қазақ. 1915. 11 шілде.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
8. ҚР ПМ. 811-қ., 20-т., 755-іс., 205–206-пп.
9. Бедствия киргиз // Туркестанские ведомости. – 1917. – 9 августа.
10. Тәкенов Ә. Толығымен қайта жазылуы тиіс... // Қазақ тарихы. – 1996. – № 3.
11. ӨР ОММ (Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты). И-1-қ., 31-т., 1186-іс., 16–25-пп.
12. ҚР ПМ. 811-қ., 20-т., 755-іс, 205-п.
13. ӨР ОММ. И-1-қ., 31-т., 1200-іс.
14. РФ ММ (Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағаты). 1701-қ., 1-т., 35-іс., 5–6-пп.

*Н.Т. Исеева,
руководитель Управления информационно-методических работ
Архива Президента РК*

ПОДГОТОВКА ВОЕННЫХ КАДРОВ. ВОЕННЫЙ ИНСТИТУТ СУХОПУТНЫХ ВОЙСК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Одним из важнейших факторов государственной независимости являются Вооруженные силы, обеспечивающие безопасность, политико-территориальные интересы суверенной страны. Создание Вооруженных сил независимого Казахстана проходило в начале 1990-х гг. под непосредственным руководством Главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Согласно Конституции, Президент Республики Казахстан является Верховным Главнокомандующим Вооруженными Силами страны. Наша армия стоит на страже главных ценностей казахстанского общества – свободы, независимости, мира и стабильности. Поэтому Глава государства уделяет особое внимание развитию Вооруженных Сил. Сегодня выделяются значительные средства не только для технической модернизации и приобретения современного вооружения, но и для улучшения качества жизни казахстанских военнослужащих. В настоящее время в Казахстане принята новая военная доктрина, повышается призыв на службу по контракту, в целом возрастает престиж профессии военного.

Защита Родины, ее независимости и суверенитета – главная задача Вооруженных Сил Республики Казахстан. Издавна бесстрашные батыры на века прославили мощь и стойкость казахского народа. Героические национально-освободительные движения, вторая мировая война, в которой наши соотечественники отважно сражались за Родину и не посрамили славы своих предков – все эти традиции свято чтут и в современной казахстанской армии. Боевые качества солдат воспитывались на лучших традициях казахского народа. Подвиги славных казахских батыров Алпамыса, Едиге, Кобланды, Бекета, Наурызбая, Исатая, Махамбета, Амангельды стали близки юношам.

Архив Президента Республики Казахстан бережно хранит в своих фондах документы по истории становления Вооруженных сил Республики Казахстан, это: Указы Президента Республики Казахстан от 7 мая 1992 г. «О создании Вооруженных Сил Республики Казахстан»¹, «О преобразовании Государственного комитета обороны Республики Казахстан в Министерство обороны Республики Казахстан»², «О назначении Нурмагамбетова С.К. министром обороны Республики Казахстан»³, от 6 июля 2000 г. «О структуре Вооруженных сил РК»⁴, Постановление Президента Республики Казахстан от 11 февраля 1993 г. «Об утверждении Военной доктрины РК»⁵ и многое др.

В годы гражданской войны 1917 г. советское правительство впервые осуществило массовое вовлечение коренного населения Казахстана в ряды Красной Армии. В августе 1918 г. Наркомат национальностей принимает постановление о формировании казахских советских воинских частей на территории Казахстана.

В октябре 1918 г. командование Восточного фронта издало приказ о формировании 1-го образцового казахского кавалерийского полка. На командные должности в национальные части старались направлять коммунистов-казахстанцев. Талантливыми военными организаторами проявили себя Алиби Джангильдин, Мухамедияр Тунганшин, Бахытжан Каратаев, Магази Масанчи и др.

Серьезной озабоченностью была проблема командного состава для национальных формирований. В полках была развернута подготовка младших командиров. Так, школа младших командиров, организованная в 1-м полку, уже через четыре месяца дала первый выпуск – 50 младших командиров-казахов.

¹ Ф.5-Н. Оп.1. Д.15. Л.125–126

² Там же. Л.103.

³ Ф.5-Н. Оп.1. Д.4698. Л.188.; Д.15. Л.109

⁴ БД «Закон»

⁵ Ф.5-Н. Оп.1. Д.1508. Л.35–56.

Логическим продолжением этих процессов стало появление в 1970 году на основании Постановления Президиума Верховного Совета СССР 1-го в стране специального учебного заведения – **Алма-Атинского высшего общевойскового командного училища**, готовящего национальные военные кадры. 31 октября 2003 г. Постановлением Правительства Республики Казахстан № 1080 Алматинское высшее военное училище ВС РК переименовано в Военный институт Сухопутных войск, главной задачей которого является подготовка высококвалифицированных офицеров сухопутных войск. С 1991 г. началась подготовка курсантов автомобильного профиля. В 1993 г. училище стало готовить мотострелков, танкистов, автомобилистов и артиллеристов. С 1994 г., после преобразования в Алматинское высшее военное (АВВУ), училище начало подготовку офицерских кадров по четырем, а затем по 11 специальностям.

11 февраля 1997 г. Алматинское высшее военное училище имени И.С. Конева Указом Президента Республики Казахстан преобразовано в Военную академию Вооруженных Сил Республики Казахстан¹. В 2002 г. для улучшения качества подготовки военных специалистов академия была реорганизована и образовано два вуза – Военная академия Вооруженных Сил Республики Казахстан и Алматинское высшее военное училище Вооруженных Сил Республики Казахстан. Это событие явилось решительным шагом в деле реформирования Вооруженных Сил. На сегодняшний день институт имеет в своем составе:

- факультеты для обучения курсантов;
- курсы для переподготовки офицерского состава.

За время существования военно-учебного заведения получили путевку в жизнь несколько тысяч специалистов. Полученные знания позволяют выпускникам успешно выполнять свои обязанности в войсках. Наиболее сильными их качествами является высокая теоретическая подготовка, прочные знания боевой техники и оружия, твердые навыки в организации боевой подготовки, умение работать с людьми, глубокое понимание воинского долга и готовность выполнять его до конца.

На профессиональном уровне проводит занятия опытный профессорско-преподавательский коллектив, в составе которого много ученых – профессоров, докторов, доцентов и кандидатов наук. В институте на 14 кафедрах и 4-х факультетах учебный процесс ведется по подготовке курсантов с высшим военно-специальным образованием по 11 специальностям.

Вся система обучения, основные усилия командования и профессорско-преподавательского состава училища направлены на выработку у своих воспитанников самостоятельной и разумной инициативы, приобретения ими знаний, умений и навыков. Необходимые военные знания курсанты получают на кафедрах тактико-специальных дисциплин, где закладывается основы военного образования, формируются высокие морально-психологические и профессиональные качества воинов. На кафедрах общественных наук, математики, общетехнических дисциплин и лингвистики формируются высоконравственные качества всесторонне развитой личности гражданина и патриота своего Отечества.

Институт располагает современной учебно-материальной базой, разнообразными средствами технического обучения. Лекционные аудитории, учебные лаборатории, кабинеты и классы института оборудованы всем необходимым для подготовки военных специалистов на современном уровне развития науки и техники. В учебном процессе широко применяются современные технические средства обучения, с использованием компьютерной и вычислительной аппаратуры. На учебном центре института курсанты оттачивают свое мастерство по вождению боевых машин. На тактических полях отрабатываются учебные задачи, формирующие необходимые качества будущих командиров и различных специалистов Вооруженных Сил Республики Казахстан. По окончании института выпускники получают удостоверение-классность вождения боевых машин, а также водительское удостоверение категории «В», «С».

В библиотеке института созданы все необходимые условия для всестороннего развития курсантов, научно-исследовательской работы.

Большое значение придается физическому воспитанию. Физическая подготовка – это важная и неотъемлемая часть воинского обучения и воспитания. Она обеспечивает физическую готовность военнослужащих к овладению оружием и боевой техникой, к эф-

¹ Ф.5-Н. Оп.1. Д.6875. Л.32–33

фективному их использованию в бою, к стойкому перенесению нагрузок, нервно-психических напряжений и неблагоприятных факторов боевой деятельности. Для этого в институте имеется богатая материальная база: спортивный комплекс со специализированными залами, стадион, полоса препятствий и другие спортивные сооружения. По различным видам спорта постоянно функционируют спортивные секции.

Наряду с совершенствованием профессиональных навыков в институте проявляется забота об организации досуга курсантов – работает художественная самодеятельность, кружки (хореографический, бальных танцев, народные инструменты, вокально-инструментальный ансамбль). Организуются встречи курсантов с ветеранами войны и труда, руководителями государства, высшим командным составом Вооруженных Сил, известными деятелями культуры и искусства, культпоходы и экскурсии, тематические вечера и вечера отдыха, КВН. Эти мероприятия способствуют воспитанию интеллектуально и эстетически развитых офицеров, направленных на формирование чувства казахстанского патриотизма, дружбы и товарищества.

Выпускники института составляют более 50% офицерского корпуса Республики Казахстан, многие из них в процессе воинской службы назначены на высокие должности и умело командуют частями, соединениями и объединениями, получили звание «генерал». Нынешнее поколение курсантов, выпускников, командиров и преподавателей училища по праву гордятся традициями и ратными делами своих предшественников. Боевые командирские качества проявили выпускники, выполнявшие свой долг в Афганистане и Чечне. За проявленные мужество и героизм более 400 выпускников удостоены высоких правительственных наград. Троице: А.Е. Шахворостову (посмертно), Н.М. Акрамову, С.Н. Гушину присвоены высокие звания Героев Советского Союза, а именем лейтенанта Олега Чивилева учеными названа звезда, открытая в созвездии Голубя.

С момента открытия военно-учебного заведения стали возрастать авторитет и популярность учебного заведения, как в странах Содружества, так и в дальнем зарубежье. Свидетельством тому является участие курсантов в миротворческих учениях «Кооператив Наггет – 97» проходивший в штате Луизиана США², о чем был сделан информационный доклад министра иностранных дел РК К. Токаева Президенту РК Н.А. Назарбаеву, в учениях «Центразбат – 97», на учениях «Оспрей – 98». Посетившие институт военные делегации из России, Китая, Турции, США высоко оценивают уровень профессиональной подготовки профессорско-преподавательского состава, курсантов. Встречи представителей вооруженных сил зарубежных стран с личным составом института всегда способствуют развитию международных отношений и открывают большие возможности для сотрудничества и обеспечения стабильности, а также добрососедства между государствами.

Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев, являясь Верховным Главнокомандующим, уделяет особое внимание формированию национальной безопасности, воспитанию молодых кадров в духе нового казахстанского патриотизма, основанного на героических традициях предков. Как он отметил: «Одним из ключевых приоритетов своей идеологии наше государство видит воспитание граждан и подрастающего поколения в духе патриотизма, любви к земле и стране, готовности в любую минуту встать на защиту Отчизны».

Список литературы:

1. Бакаев Л.Н. Проблемы военного строительства в Казахстане. – Алматы, 1993. – 19 с.
2. Бакаев Л.Н., Аманжолов К.Р. Казахские национальные части Красной Армии в годы гражданской войны (1918–1920 гг.). – Алматы, 1994. – 26 с.
3. Исторический опыт защиты Отечества: военная история Казахстана. – Алматы, 1999. – 352 с.
4. Наркомы Казахстана. 1920–1946 гг.: Биографический справочник. – Алматы, 2007. – 400 с.

² Ф.5-Н. Оп.1. Д.5273. Л.53–54.

*М. Т. Жылгелдинов,
главный эксперт Управления научной публикации документов
Архива Президента РК*

АЛМАТИНСКОМУ ТЮЗУ 70 ЛЕТ

Как говорил в свое время один из основателей детского театра А.А. Брянцев, «для детей надо играть как для взрослых, только еще лучше. В детском театре все должно быть лучшее: и драматургия, и игра актеров, и режиссерское искусство».

В этом году исполнилось 70 лет со дня открытия Алматинского ТЮЗа. 23 декабря сотрудники Архива Президента РК приняли участие в Круглом столе «Достойнейшие верненцы, замечательные алмаатинцы», посвященном 70-летию Театра, инициированному представительством Россотрудничества в РК и Национальной библиотекой РК.

После приветственной речи заместителя генерального директора Национальной библиотеки РК А.Х. Юсуповой выступила заместитель руководителя Представительства Россотрудничества в Казахстане, в городе Алматы И.В. Переверзева. Руководитель Управления научной публикации документов Е.В. Чиликова представила презентацию по теме «Из истории создания ТЮЗа», в которой она рассказала об административно-хозяйственном положении г. Алматы в 1945 г., в год открытия ТЮЗа, о Н.И. Сац – первой в мире женщине – оперном режиссере, театральном деятеле, писателе, педагоге, которой не смотря ни на что, в годы войны, удалось открыть первый театр для детей в Казахстане. Главный эксперт М.Т. Жылгелдинов выступил с сообщением, в котором рассказал историю открытия казахской труппы ТЮЗа, об актерах и первых спектаклях, о достижениях в период Советского Союза и Независимого Казахстана. Также сотрудники АП РК поделились с участниками уникальными фотографиями из альбома, сделанного самими тюзовцами. Благодаря фотодокументам, выявленным в фондах Архива, можно уточнить одну из деталей интерьера послевоенного ТЮЗа. В своих мемуарах Наталья Ильинична упоминала об этом так: «В просторном нижнем холле детей встречает большой лохматый медведь. Он стоит, улыбаясь, на задних лапах, на его шее – почтовый ящик. «Пишите мне, понравился ли вам спектакль. Очень люблю получать ваши письма», – читаем на ящике». На архивном фото медведь выглядит несколько иначе. В данной ситуации фотодокумент как источник ретроспективной информации является более точным свидетельством, чем воспоминания.

Также с сообщениями выступили представитель Национальной библиотеки РК С. Туякова, заместитель директора ЦГА города Алматы А.М. Исалова, научный сотрудник Государственного музея изобразительных искусств им. А. Кастеева Г.Н. Сырлыбаева, председатель Молодежного Медиа-Союза Казахстана С.А. Галиева, заведующая литературно-драматической частью Государственного академического русского театра для детей и юношества Л.Б. Мананникова и др.

Эпоха Алматинского ТЮЗа началась в военном 1944-м. Детский театр начали строить после принятия 6 сентября 1944 г. совместного постановления Совнаркома КазССР и ЦК КП (б) Казахстана об организации в г. Алма-Ате Государственного театра для детей и юношества Казахстана с целью «улучшения постановки внешкольной работы и организации систематического культурного обслуживания детей». В год Великой Победы – 7 ноября 1945 г. театр открыл свои двери. Это уникальный факт: в разоренной войной стране строят и открывают детский театр.

4 июля 1948 г. постановкой пьесы «Золотой ключик» («Алтын кілт») А. Толстого состоялось официальное открытие казахской труппы. Постановщиком спектакля была Наталья Ильинична Сац. В своей книге «Новеллы моей жизни» она пишет: «В 1947 г. появилась у нас и вторая, казахская труппа. Маленькие алмаатинцы прекрасно говорят и понимают по-русски – все без исключения. Но помочь им не забывать свой родной язык, любить его – необходимо. Мы включили в нашу труппу артистов-казахов, по-настоящему одаренных людей. Это – Асия Мамбетова, Сапаргали Шарипов, сестра и два брата Куламбаевы, Камаси Умурзаков, его жена Д. Умурзакова, Саттарова, К. Жакибаев. Мы на-

чали показ спектаклей на казахском языке пьесой Алексея Толстого «Золотой ключик». Когда сказка Толстого стала пьесой, она помогла мне открыть Центральный детский театр. Теперь «Золотой ключик» (поистине волшебный) дал возможность открыть Казахский театр для детей!». Это первый случай в истории театрального искусства в Советском Союзе, когда детский театр работал на двух языках.

Всего в период с 1946 г. по 1985 г. было поставлено несколько десятков спектаклей на казахском языке: «Золотой биток» М.Б. Акынжанова и К. Бадырова, «Алдар Косе» Ш. Кусаинова, «Красавица Аягыз» К. Сатыбалдинова, «Кожанасыр» Л.В. Соловьева, «Алия Молдагулова» А.И. Байжанова и др., основной репертуар ТЮЗа составляли произведения русской и зарубежной драматургии.

24 февраля 1985 г. театр разделили на два самостоятельных коллектива: казахский и русский, которому было присвоено имя его основательницы – Наталии Сац. В 1992 г., в связи с 90-летием казахского писателя и драматурга Габита Мусрепова, Казахскому государственному театру для детей и юношества было присвоено его имя, а в 1996 г. за вклад в развитие многонационального искусства Республики Казахстан почетное звание Академического.

За свою историю Казахский государственный академический театр для детей и юношества им. Г. Мусрепова достиг больших успехов, создал базу для развития творческого потенциала, и в настоящее время является одним из ведущих театральных коллективов республики. Актерский состав театра за все годы его существования отличался яркими талантами, преданностью профессии и неутомимой работоспособностью.

Со дня своего основания театр держит в центре внимания свою основную направленность – нравственное воспитание подрастающего поколения. Для самых маленьких зрителей ставятся сказки и легенды, помогающие детям различать в мире Добро и Зло.

ТЮЗ вносит большой вклад в становление художественной и духовной культуры у молодежи нашей страны, воспитывает у подрастающего поколения эстетический вкус и мировоззренческие позиции, играет большую роль в развитии казахского театрального искусства.



Коллективное фото участников Круглого стола. Национальная библиотека РК.
23 декабря 2015 г.



70-ЛЕТИЕ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ. 1941–1945

Ж.Т. Байқаш*ҚР Президенті Мұрағаты Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының бас сарапшысының м.а.***№ 270 БҰЙРЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ**

2015 жылдан бастап, Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына орай Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты қазақстандықтарға тұтқынға түскен және жат елде қалған өзінің туысқандары мен жақындарының тағдырын анықтауға немесе қандай да бір ақпарат алуға мүмкіндік беретін «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиеттер, дереккөздер және мәліметтер базасы» ғылыми-зерттеу жобасын іске асыруды бастады.

Осы жобаның аясында қазіргі кезде арамызда аман-сау өмір сүріп жүрген бірқатар қазақстандықтар іздеп табылды, алғашқы іздеу экспедициясы жүзеге асырылды. Нәтижесінде 2015 ж. 17 маусымында ҚР Президенті Мұрағатының қызметкерлері Алматы облысы Райымбек ауданы Ұзынбұлақ ауылының тұрғыны Екінші Дүниежүзі соғысында фашистердің қолында тұтқын болған Баба Әлімжановпен кездесті.

1945 ж. 9 мамырында КСРО жеңіске жетсе де, тұтқынға түскен солдаттар мен бейбіт азаматтарды кешірмеді. Кеңестік Қызыл әскердің Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасының 1941 ж. 16 тамыздағы «Тұтқынға берілгені және жауға қаруын тапсырғаны үшін әскерилердің жауапкершілігі туралы» № 270 бұйрығына сәйкес кеңес жауынгерлері өз еркімен және еріксіз тұтқынға түскен жағдайда «Отанына опасыздық жасағандар» болып жарияланды. Бұл бұйрық көп жылдар бойы тұтқындау мәселесіне, соның ішінде бұрынғы әскери тұтқындарға теріс көзқарас қалыптастырды. Осындай идеология құрбанының бірі Баба Әлімжанов.

Баба Әлімжанов, 1919 жылы Ұзынбұлақ кенті, Ұзынбұлақ ауыл округі, Райымбек ауданы, Алматы облысында туған, 2015 ж. 17 қарашасында 95 жасында қайтыс болды. Әскери билеттегі ақпаратқа сүйінсек, Баба Әлімжанов 1941 ж. қыркүйегінен 1945 ж. 5 мамырына дейін Австрия аумағындағы «Маутхаузен» лагерінде тұтқында болған, бірақ оның естеліктері бойынша ол 1944 ж. бастап ғана «Маутхаузен» лагеріне тұтқынға түседі, оған дейін Бест-Литовский, Остров-Мозавецкий (Польша) лагерьлерінде, еңбек батальонында тұтқында болып, 1943 ж. күзінде қашып, польшалық партизандармен бірге соғысады. 1945 ж. тұтқыннан босатылып, 1946 ж. 20 мамырына дейін Донбас көмір шахтасында жұмыс істеген. Содан кейін туған жеріне оралып, 1946 ж. 1 қыркүйегінен бастап, Қарқара, Кеген орта мектептерінде мұғалім болып жұмыс істеген.

Соғыстан кейінгі уақытта бейбіт өмір сүрген жерінен Баба Әлімжановты жоғарыда айтып өткен № 270 бұйрық негізінде 1948 ж. 13 маусымында Алматы қалалық әскери гарнизонының әскери трибуналы 25 жылға бас бостандығынан, 5 жылға саяси құқығынан айырып, жаза мерзімін өтеу үшін Қарағанды облысының Жезқазған мыс шахталарында еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1955 ж. 29 қыркүйегінде Баба Әлімжановтың жазасының қалған жылдарына кешірілім жасалып, бостандыққа шықты.

Назарларыңызға алғаш рет Баба Әлімжановтың өмірбаяны мен соғыс тұтқынында болғанын расстайтын құжаттардан үзінді келтіріледі. Бұл құжаттар жақын арада ҚР Президенті Мұрағатының қорына тапсырылады.

№ 1

Баба Әлімжановтың өмірбаяны

Мен Әлімжанов Баба 1919 ж. 15 мамырда Райымбек ауданы, Ұзынбұлақ ауылында тудым. Әкем 1930 ж. қайтыс болды. Сол жылдан бастап осы ауданның Тұйық ауылы «Көктас» колхозына шешеміз мүше болып, жұмыс істеп төрт ұл, бір қызын тәрбиелеп, асырап бақты.

1939 ж. 1 қыркүйекте Жалаңаштағы онжылдық қазақ орта мектебін қызыл аттестатпен бітіріп, өз тілегім бойынша Ұзынбұлақ 7 жылдық мектебіне математика пәнінен сабақ беретін мұғалім болып орналастым.

1940 ж. 13 қаңтарында әскер қатарына алынып, Минск қаласындағы кіші командирлер даярлайтын курсын бітіріп, сержант атағын алдым. Содан БОВО (белорусский особый военный округ) 149-отдельный развед. батальонында механик танкист болып әскери қызметімді атқардым. Біздің әскери бөлім Батыс Белоруссияның Польшамен шекаралас қаласы Семятичийде тұрдық.

1941 ж. 22 маусымында таңғы сағат төртте неміс-фашист армиясына қарсы қырғын соғысқа араласып, Смоленск бағытына қарай күн-түн демей шегіне отырып қорғаныс ұрыстарын жүргіздік. 1942 ж. күз айында Смоленск түбінде қоршауда қалып, оң аяғымнан жарақат алып, қансырап ессіз жатқан жерімнен немістер тұтқынға түсірді. Содан 1944 ж. дейін әскери тұтқын лагерінде, 1945 ж. мамыр айына дейін Австриядағы Маутхаузен конц-лагерінде отырдым. Тұтқындарға көрсеткен қорлықтарын тілмен айтып жеткізуге болмайды.

1945 ж. 1946 ж. 20 мамыр айына дейін Донбас көмір шахтасында жұмыс істедім. 1946 ж. 20 мамырында туған жеріме оралдым. 1946 ж. 1 қыркүйегінен 1948 ж. 1 маусымына дейін Қарқара орталау, Кеген орта мектебінде ұстаздық қызметімді атқардым.

1948 ж. 1 маусымынан 1956 ж. 5 желтоқсанына дейін репрессияға ілініп, Қарағанды облысының Жезқазған мыс шахталарында шахтер болып жұмыс істедім. 1955 ж. наурыз айында СССР Жоғарғы Советіне жолдаған арызым бойынша ақталып (сот кескен 25 жылдың) қалған жылдарына кешірім жасалып, бостандыққа шықтым.

1956 ж. 1 қыркүйегінен 1979 ж. 1 маусымына дейін аудан мектептерінде ұстаздық қызметімді жалғастырып, оқу тәрбие жұмысымды адал атқарып, 1979 ж. 60 жасымда пенсияға шықтым.

№ 2

**Ответ на жалобу заместителя военного прокурора Туркестанского военного округа
Бычкова по поводу освобождения Алимжанова Бабы от поселения**

г. Ташкент

29 сентября 1955 г.

На Вашу жалобу по поводу освобождения от поселения сообщаю, что в соответствии с пунктом третьим Указа Президиума Верховного Совета СССР от 17 сентября 1955 г. «Об амнистии советских граждан, сотрудничавших с оккупантами в период Великой Отечественной войны 1941–1945 гг.» Вы от поселения освобождаетесь.

ВРИО зам. военного прокурора ТурКВО
подполковник юстиции
Бычков

№ 3

Выписка из военного билета Б. Алимжанова

Кегенский р-н, Алма-Атинская обл.

6 февраля 1964 г.

[...]

С сентября 1941 г. по 5 мая 1945 г. находился в плену на территории Австрии в лагере Маутхаузен.

[...].

№ 4

**Постановление Центральной военно-врачебной комиссии
Министерства обороны Республики Казахстан**

г. Алматы

Сентябрь 2000 г.

Ранение гражданина Алимжанова Баба 1919 года рождения: «Сквозное пулевое ранение нижней трети правого бедра, приведшее к ограничению движений коленного сустава», да получено при защите СССР.

Основание: протокол № 592 от 15 сентября 2000 г.

Председатель комиссии
В. Ульященко

№ 5

**Поздравительная открытка Президента Республики Беларусь
А. Лукашенко Б. Алимжанову с 60-й годовщиной Победы над фашизмом**

г. Минск

2005 г.

Уважаемый Баба Алимжанов!

Примите мои сердечные поздравления с 60-й годовщиной нашей страны от немецко-фашистских захватчиков

Для Беларуси 3 июля – это День Независимости, национальной гордости и немеркнувшей славы ветеранов Великой Отечественной войны.

60 лет назад в результате мощного наступления Красной армии при поддержке партизанских соединений территория республики была полностью очищена от гитлеровских оккупантов. Наступил светлый миг освобождения, дорога к которому пролегла через три долгих года борьбы и упорного сопровитлений.

Мы склоняем головы перед мужеством, стойкостью и силой духа фронтовиков, партизан, подпольщиков, труженников тыла – людей разных национальностей, которые сплотились для отпора врагу.

В послевоенный период поколение доблестных победителей было в первых рядах тех, за непродолжительный срок возродил из руин и пепла разрушенные города и села.

Родина высоко ценит Ваш ратный подвиг и самоотверженный труд. Белорусский народ всегда будет благодарен Вам за отвоеванные мир и счастье, за предоставленную возможность радоваться каждому новому дню, Ваша исполненная героического смысла жизнь стала достойным образцом для потомков.

Желаю Вам доброго здоровья, праздничного настроения, благополучия, заботливого отношения родных и близких.

С уважением
Президент Республики Беларусь
Александр Лукашенко

№ 6

**Б. Өлімжановқа ҚР Президенті Н. Назарбаевтан Жаңа 2015 жылмен
құттықтау ашық хаты**

Астана қ.

2015 ж.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагері!

Сізді Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толатын Жаңа 2015 жылмен шын жүреппен құттықтаймын!

Сіздің замандастарыңыздың соғыстағы ерліктері мен бейбіт жылдардағы еңбектері, сондай-ақ ел Тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлесі шын мәнінде елге – мұра, ұрпаққа – өнеге.

Қазақстандықтар мұны әрдайым қастерлейді, сіздерге шынайы ізет-құрмет пен жан-жақты қамқорлық көрсетуден аянбайды.

Алдағы Ұлы Жеңіс мерейтойын есендікте көруді жазсын.


Сіздерге зор денсаулық пен қажымас қажыр-қайрат, ұзақ та бақытты ғұмыр, әулетіңізге амандық пен игіліктер тілеймін.

ҚР Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев


№ 7



Баба Өлімжанов отбасы мүшелерімен бірге. Солдан оңға қарай: 1) Ерлан Өлімжанов, 2) немересі Баба Әділмен, 3) Баба Өлімжанов, 4) келіні Салтанат Жақайқызы Бейсенбаева.
17 маусым 2015 ж. Ұзынбұлақ ауылы, Райымбек ауданы, Алматы облысы.
Фотоға түсірген Ж.Т. Байқаш.


ВОЕННЫЙ БИЛЕТ
НТ № 2568314

Фамилия Әлімжанов
Имя Баба
Отчество _____
Число, месяц и год рождения 1 сәу 1919.
Личная подпись владельца В. Алжанов
Вадан Лезинский район военным комиссариатом
О. Оспанов области (республики)


" 6 - сентября 1964 г.
ВОЕННЫЙ КОМИССАР
М. П. Савинцев
(звание, подпись)

НТ № 2568314 1
I. Общие сведения


1. Место рождения А. Шинкес обл. Лезинский район. Букучинское с/с
2. Национальность Казак
3. Партийность (с какого года) Беспарт.
4. Состоит ли в ВЛКСМ (с какого года) Несть.
5. Образование Средняя № 6 в 1938 г. с. Шинкеской

6. Основная гражданская специальность Учитель

7. Семейное положение Женат - жена - Бибигулова Бибигуль
Даншпанова Бигайма

НТ № 2568314 22


Вадано мобпредписание	Изъято мобпредписание
--------------------------	--------------------------



НТ № 2568314 23
VII. Особые отметки

с 09.1941. по 3.5.46г.
находясь в плену у немцев
доказав мобилушен.

Средняя школа по учебно-методическому преданию в г. Ленинск-Кузнецкий с райвоенком Александр Ермаков - Шибань


**УДОСТОВЕРЕНИЕ
УЧАСТНИКА ВОЙНЫ
ВРУЧЕНО**

Баба Әлімжановтың әскери билеті.

Р.М. Әбдуәли

*ҚР Президенті Мұрағатының
Құжаттарды ғылыми жариялау
басқармасының бас сарапшысы*

Ш.О. Төлеуова

*ҚР Президенті Мұрағатының
Жинақтау және құжаттама
басқармасының бас сарапшысының м.а.*

Г.К. БЕЛЬГЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

Биылғы жылдың ақпан айында 80 жасында «қазақ жерінің дарынды перзенті» атағына ие болған Герольд Карлович Бельгер дүниеден қайтты.

1998 ж. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатын жеке тектік құжаттармен толықтыру мақсатында жеке қорлар бөлімі құрылды. Онда отбасының, жеке адамның өмірі мен қызметі барысында туындаған тарихи-мәдени құнды құжаттар жинақталған. Бүгінгі күнде Мұрағатта ХХ ғ. рухани, мәдени өмірі мен шығармашылығын бейнелейтін белгілі жазушылар, қоғамдық және саяси қайраткерлер естеліктері мен басқа да деректер сақталған 71 жеке тектік қор жинақталған.

1999 ж. ҚР Президенті Мұрағатының қоры белгілі қазақстандық жазушы, аудармашы, әдебиеттанушы, қоғам қайраткері Г. Бельгердің құжаттарымен толықтырылды.

Герольд Карлович (лақаб аты Гарри Карлсон) 1934 ж. 28 қазанда Саратов облысының Энгельс қаласында әскери фельдшер отбасында дүниеге келді [1].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 ж. 28 тамыздағы «О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья» Жарлығы бойынша Кеңес Одағының неміс халқы немістердің АКСР-ден жаппай қоныс аудару толқынына түсті. 1941 ж. 17 қыркүйегінде Бельгер отбасы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданы Ленино селосына қоныс аударылады. Мұрағатта сақталған өмірбаяндық нұсқаларда Герольд Карлович еске алады: «Небольшой казахский аул на правом берегу обрамленного тугаями Ишима – Есиля сыграл исключительную роль в моем становлении и всей дальнейшей моей судьбе. Все самое светлое и доброе, чистое и искреннее, возвышенное и благородное моего детства, отрочества, юности связано с родным аулом» [2, 14-б]. Осында 1944 ж. алғаш рет қазақ мектебінің табалдырығын аттап, тілді жетік меңгерді, сол уақыттан бастап оның тағдырына айналған қазақ тұрмысының бастауын бойына сіңірді.

«Қуғынға ұшыраған» ұлт өкілінің Қарағанды металлургия институтына түсуге сәтсіз талпынысынан кейін Г. Бельгер Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны 1958 ж. тәмамдайды. 1958–1960 жж. Жамбыл облысы Сарысу ауданы Байқадам орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі қызметін атқарады [1].

1960 ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасында Қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі кафедрасында оқуын жалғастырды¹. «Жұлдыз» журналындағы жұмыс жылдары туралы Г. Бельгер «Сразу же после аспирантуры А. Нурпеисов (тогда главный редактор «Жулдыза») сходил в Министерство и выхлопотал бумагу о переводе меня в его, Абеке, распоряжение... Меня приняли литсотрудником отдела прозы казахского журнала. Было поначалу непривычно. Я чувствовал себя не в своей тарелке. Языкознание и методика остались побоку. Зато сколько знакомств! Какая вольная стихия! Муканов, Мусрепов, Мустафин, Абу Сарсенбаев, Ахтанов, Шангитбаев, Кабдолов... О, все созвездие казахской литературы. И новая волна моих замандасов-сверстников – К. Мырза-Али, С. Жиенбаев, С. Асанов, С. Муратбеков, А. Кекилбаев, К. Исаков, А. Сулейменов, З. Сериккалиев, А. Тарази, Р. Токтаров, Ж. Нажимиденов, Е. Домбаев, Д. Досжанов, О. Сарсенбаев – плеяда молодых и дерзких талантов,

¹ Кандидаттық минимумды тапсырды. «Система обучения русской разговорной речи в казахских школах» диссертациясының қолжазбасын дайындады. Аспирантураны кандидаттық диссертацияны қорғамай бітірді, өйткені Герольд Карловичтің айтуы бойынша: «На третьем курсе аспирантуры меня привлек к художественному переводу Абдижамил Нурпеисов. К методике преподавания я окончательно охладел...». Автобиографические эскизы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004. – 27-б.

самостоятельных, образованных, начитанных людей. Меня они тепло приняли в свой шумный круг» [2, 27–28-б.] деп жазады.

1964 ж. бастап белгілі қазақ жазушылары Ә. Нұрпейісов пен Ғ. Мұстафиннің кеңесі бойынша толығымен қазақ тілінен аудармамен айналыса бастады. Содан бері Ғ.К. Бельгер қызығушылықпен қазақ прозасын түпнұсқадан орыс тіліне аударды. Қазақ прозашыларының 200-ге жуық шығармалары – Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, О. Сәрсенбаев және т. б. дастандары, хикаяттары, әңгімелері, очерктері, мақалалары орыс тіліне аударылды. Орыс тілінен Ғ.К. Бельгер орыс, неміс прозашылары – А. Реймген, Н. Ваккер, Э. Кончактың және т. б. 20-дан астам шығармаларын аударды.

Жазушы қазақ оқырмандары арасында неміс әдебиетін насихаттауға көп күшін жұмсады. Ол оннан астам ұжымдық жинақтар құрастырды, солардың ішінде «В степном краю», «Мой Казахстан», «Далекие журавли», «Антология советской немецкой литературы», «10 советдойчезрцейлер», «Советские немцы: история и современность», «Литературный энциклопедический словарь», «Абай» және т. б.

Шығармашылық жұмысымен қатар Ғ. К. Бельгер қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, бойындағы бұлжымас үздік қасиеттерін – жинақылығын, жауаптылығын, тыңғылықтылығын, өнегелігін, парасаттылығын танытады. Осылайша оны Ә. Нұрпейісов Ғ.К. Бельгердің «Тихие беседы на шумных перекрестках» кітабының алғысөзінде бейнелейді.

Ғ. Бельгердің құжаттары ҚР Президенті Мұрағатына 1999 ж. мамыр айында оның өтініші негізінде қабылданды¹.

№ 1 тізімдемедегі істер құжаттар құрамын есепке ала отырып,

1. Ғ. Бельгердің өмірбаянына қатысты құжаттар;
2. А. Дебольскийдің Ғ. Бельгерге жазған хаттары;
3. Ғ. Бельгердің қызметтік және лауазымдық қызметінің құжаттары;
4. Ғ. Бельгердің шығармашылық құжаттары;
- 4.1. Әдеби аудармалар;
- 4.2. Хикаяттар, әңгімелер, очерктер, эсселер жинақтары;
- 4.3. Мақалалар, баяндамалар, естеліктер, сұхбаттар, сценарий;
- 4.4. Рецензиялар, пікірлер, алғысөздер, құттықтаулар болып жүйеленді.

Өмірбаяндық құжаттары «Ғ. Бельгердің өмірбаянына қатысты құжаттар» бірінші бөліміне енгізілді: өмірбаяны, диссертациялық жұмысының қолжазбасы, жазушының 60 жылдығына орай шығарылған буклеттер, мақтау қағаздары, газет редакцияларының алғыс хаттары, сонымен қатар ресми ұйымдардың, достарының, әріптестерінің құттықтау хаттары енді. Сонымен қатар бұл бөлімде тұрмыс жағдайларын шешу мақсатымен әртүрлі мекемелерге жазған хаттары, Қазақстан жазушылары съезі делегаттарының мандаттары мен ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, мерейтойлық кештерге, кітап үйлері, көрмелер, мұражайлар ашылуына қатысты іс-шаралар мен ресми қабылдауларға шақыру билеттері топтасқан.

Бұрыннан келе жатқан қаламдас досы А. Дебольскийдің² Ғ. Бельгерге жазған хаттары тізімдеменің екінші бөлімі болып бөлек шығарылды. Хаттар 1971 ж. мен 1997 ж. аралығын қамтиды. Бұл хаттардан жазушының шығармашылық жолын, тұрмысын, елде болып жатқан қандай да болмасын саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға көзқарасын, қатысын байқауға болады.

Үшінші бөлім құжаттары Ғ. Бельгердің қоғамдық және жұмыс қызметін баяндайды. Бұл түрлі мәдениет қорларында, КСРО мен Қазақстан Жазушылар одағының семинарлары, конференциялары, пленумдары, съездеріндегі кеңестік неміс әдебиеті мен көркем

¹ Ғ. Бельгердің жеке қорына екі тізімдеме қалыптастырылған.

² Дебольский Алексей Борисович (лақаб аты – А. Стражевский; 13 қаңтар 1916 ж. – 19 шілде 1997 ж.) – неміс кеңес жазушысы, аудармашы және драматург. 1916 ж. Харьковте дүниеге келді. 1925 ж. оның отбасы Мәскеу түбіне көшіп барады. Фабрика-зауыт мектебін бітіріп, зауыттарда жұмыс істейді. 1938 ж. Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің география факультетін тәмамдайды. Магаданда мұғалімдік қызметін атқарады, кейін журналист жұмысына ауысады. Ұлы Отан соғысы жылдары әскери журналист болып істейді. 1946 ж. бастап Берлинде «Tägliche Rundschau» газетінде журналист қызметін атқарады. Кейін Кеңес әскери баспасөзінің қызметшісі болады. 1953 ж. әдеби қызметін бастап, «NeuesLeben» (Мәскеу қ-сы) газетінде жұмысын жалғастырады. 1965 ж. ҚазКСР-ге немістілді баспасөз құру мақсатымен көшіп келеді. 1966 ж. жаңадан құрылған «Freundschaft» республикалық газетін қолға алады. <https://ru.wikipedia.org>.

аударма мәселелері мен жағдайы туралы сөздері мен баяндамалары. Айтылғандардан бөлек бөлімге сайлау алдындағы бағдарлама, депутаттыққа кандидаттың сенімді өкілдерінің тізімі, хаттар, келісім-шарт, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі, Қазақстан ПЕН орталығы атқарушы комитетінің мүшесі, «Сорос-Қазақстан» қоры басқармасы төрағасы, «Феникс» альманахы редакторы, депутаттыққа кандидат ретіндегі оның қызметін ашатын мәліметтер мен басқа да құжаттар жинақталған. Сонымен қатар, кітаптарын басып шығаруға өтінімдер мен хаттар, іс-сапар, шығармашылық қызметінің есептері енді.

Төртінші бөлімнің төрт бөлімшесінде топтасқан шығармашылық құжаттары Г. Бельгер қорының маңызды бөлігін құрайды. Қазақ әдебиетінде Г. Бельгер, бірінші кезекте, аудармашы ретінде қалыптасқанына байланысты «Көркем аудармалар» атты бірінші бөлімшесіне Абай, Жамбыл, Ә. Тәжібаев, Ә. Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, О. Сәрсенбаев, сонымен қатар неміс жазушысы А. Реймгенның дастандары, хикаяттары, әңгімелері, поэмалары мен өлеңдерінің көркем аудармалары жинақталды.

Шығармашылық қызметінің алғашқы бес-алты жылында аудармамен айналысқан Г. Бельгер өзінің әңгімелер, хикаяттар, очерктер, естеліктері мен эсселерін жаза бастады. 1973, 1977 жж. жарық көрген «Сосновый двор на краю аула», «За шестью перевалами» кітаптары, «Земные избранники», «Тихие беседы на шумных перекрестках» кітаптарының қолжазбалары, кейбір хикаяттарының, дастандарының тараулары, орыс және неміс тілінде жазылған әңгімелері, сонымен қатар өмірбаяндық сипаттағы әңгімелер мен жазушы әкесінің өмірбаяны екінші бөлімшеге енгізілді.

Көптеген қазақ жазушыларының шығармашылық жолы туралы, олардың әдеби шығармаларын аударуы және төрт мыңнан аса әртүрлі қазақ есімдерін оның «Дневники разных лет» жазбаларынан табуға болады. Бұл жазбалар, жазушы дәптері мен «Казахские имена» есімдер тізімінен тұратын қойын дәптері аталған бөлімшеге жинақталған.

Үшінші бөлімшені Г. Бельгердің Ә. Нұрпейісов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Кекілбаев, Ә. Әлімжанов, Бақытжан Момышұлы, А. Сүлейменов, А. Дебольский, Д. Гольман, В. Эккерт, Р. Кельн және басқа да көптеген қазақ және неміс жазушыларының шығармашылығы туралы мақалалар, баяндамалар, жазбалар, сұхбаттар құрайды. Г. Бельгердің жас жазушыларға КСРО Жазушылар одағына мүше болу үшін дайындаған мінездемелері, анкета сұрақтарына жауаптар, журнал мен газет редакцияларының сұрақтары, фильмдер сценарийлері, кездесулердегі, радио және теледидардағы баяндама мәтіндері де осы бөлімшеге енгізілді.

Төртінші бөлімшеде кітаптар, сөздіктер, тілашарлар қолжазбаларына жазылған рецензиялар, пікірлер, қазақстандық және неміс жазушыларының әдеби шығармаларына, театр қойылымдарына, «Здесь наша родина» атты депортацияланған неміс халқының тағдыры туралы телефильмге жазылған рецензиялар мен пікірлер, Э. Кончак, Л. Вайдман мен басқа да неміс жазушыларының хикаяттары мен әңгімелер жинақтарына, кітаптарына алғысөздер, түйіндер топтастырылған [3].

Жеке тектік құжаттармен толықтыру Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Жеке қорлар – ресми құжаттармен қатар өткен уақыт туралы көрініс беріп, жан-жақты ашуына мүмкіндік беретін маңызды тарихи деректер болып саналады. Жеке тектік қорларды қалыптастыру тәжірибесі ірі әлеуметтік және мәдени құбылыстарды ғана емес, біртума тұлғалардың тағдырын тарих объектісіне айналдырған мұрағаттар қызметінің жаңа бағыты ретінде салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Жеке қорлар тарихтың ағымын айқын, қайталанбас, мазмұнды бейнелеуімен бағаланады. Жеке мұрағаттар құжаттары тақырыптық көрмелер, көркем кинотүсірілімдер, радио- және телебағдарлама жазуды ұйымдастыруға белсенді түрде қолданылады. Оқырман залының зерттеушілері де монография, мақала, баяндама, докторлық және кандидаттық диссертациялар, диплом жұмыстарын дайындауға пайдаланады, және де оларға қызығушылық арта түсуде. Уақыт өте келе бұл құжаттар қоғамдық игілікке айналу үшін оларды сақтап қалу маңызды.

Деректер мен әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ПМ. 152-Н-қ. 1-т. 1-іс. 1-п.
2. Автобиографические эскизы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004.
3. ҚР ПМ. 152-Н-қ. 1-т.

Ғаббас Баталов (1910–1997) – партия және шаруашылық қайраткері. Қостанай облысының тумасы. 1950-ші жылдары Қарақалпақ АКСР ауылшаруашылық министрінің орынбасары қызметін атқарған.



ШӘҢКІ БИ

Шәңкі би Меңдекеұлы 1811 жылы туып, 1884 жылы опат болған. Қостанай облысының Обаған елінде өмір сүрген. Руы арғын ішіндегі қанжығалы.

Шәңкі өз дәуірінің шешен, парасатты, рақымшы билерінің бірі, Шәңкі сол дәуірде қазақ жеріне жылжып келе жатқан орысқа, оның тұрмысы, мәдениеті мен ғылымына әуестенген. Тіпті орыс халқын жақтаған. «Орыс әскери әкімдерін басқыншы» деп қарсы шыққан сол кездегі Есеней, Байқасқа, Тоғалақ сияқты белді ру басылары Шәңкіні «орысшыл» деп жек көріп, онымен қас болған...

Шәңкінің өтірікке, ұрлыққа, зорлық-зомбылыққа жаны қас болған. Көкшетау, Қызылжар, Қостанай, Ақмола Торғай уездерінде ұрлық, барымтаны гүрілдетіп, зорлық-зомбылықтың ұясы болған Қожық-қарақшыны ұстатуға тұңғыш кіріскен де осы Шәңкі.

Шәңкі айтқан ұлағатты сөздерден және оның еткен әділдік, төрелік-биліктерінен мысалдар:

«Ақ орыстың бала жылатқанын естімедім,
Қара [құба] қалмақтың жылаған баланы жұбатқанын естімедім».

* * * * *

Білім – орыста,
Береке – қоныста

* * * * *

Білгенге сөзім сом алтын,
Білмегенге арам ас.
Дүниеге машқұл адам –
Сөзінді тыңдап та қарамас.
Сөз жинаған – алтын қазушы,
Наданға сөзді қор қылуға жарамас.
Теңіз басы – бұлақ-ты,
Сол бұлақ тасымай,
Сай-салаға су толмас.
Аталы сөз – тоғыз қабат қорғаның,
Сөз білмеген ала тәнді жалаңаш.

* * * * *

Арғын, Атығай елінде Әлібек батыр әкесі Зілқараға үш жүздің беделді адамдарын жинап, ас беріп жатқанда, Ордадағы шонжар-билердің қолдарына су құйып, қызмет етіп жүрген Шәңкі-бала төсенішке сүрініп, қолындағы шәйнекті төгіп алғанда, сүрініп жатқан баланы келекелеп:

– Бала, олжаңнан маған да бер, – деп күлген от ауызды, орақ тілді Мама-биге Шәңкі:
Таңның таң екенін кім біледі,
Сарғайып барып атпаса?
Күннің күн екенін кім біледі,
Қызарып барып батпаса?
Орданың орда екенін кім біледі,
Мен сияқты күтуші –
Жығылып – сүрініп жатпаса?
Иттің ит екенін кім біледі,

Жығылып жатқан баланы –
Тақымынан қаппаса?
Қас жақсының белгісі –
Айтқан сөзге тоқтайды.
Қас жаманның белгісі –
Түгінді қоймай боқтайды.
Сұраған соң бекерге
Би олжасыз кетер ме?
Басқа сөзді не қылайын,
Осы сөзім түп-түбіңе жетерді.

* * * * *

Шәңкі өзі қатысқан дауды әділ, жанжақты қарап, ақиқатына қарай билік еткен.

Бәйбіше арғын Қуандық елінің атақты биі Аққошқардың жігіттері ел торып, мал барымталап жүргенде, Торғай бойындағы Жәнібек ауылының жылқысына тиіп, қолға түскен бір жігіті соққыға жығылып өледі. Өлген жігітіне Аққошқар құн даулайды. Бұл – Жәнібек тұқымында Шеген дегеннің дәуіріленген мезгілі екен. Шеген Аққошқар өзі құн даулап келсе, оңай түспес деп, осы дауды бітіріп беруге Шәңкіні алдырады.

Бүтін мейрам тұқымын уысына сыйғызып отырған Аққошқар дауды шиеленістіріп, өз дегеніне көндіргісі келеді.

Сонда Шәңкі:

– Иә, Ақа!

Кере-кере сөйлессек,

Келін дауы келесі жылы бітеді.

Келісіммен сөйлессек,

Ердің құны екі ауыз сөзбен бітеді.

Алтыбақан алауыз бола берсек,

Елден – береке, ерден – қадір кетеді, – депті.

Аққошқар «Билікті бердім, шешімін, Шәңкі, сен айт!» – дейді. Шәңкі шешімін айтар алдында Аққошқарға:

– Аққу – құстың төресі,

Жалғыз жүріп оттамайды.

Асыл ердің белгісі –

Арам істі даттамайды, – дей келіп, тағы да:

– Ақа, ерің бүтін бе, әлде жарты ма? – деп сұрайды.

Ол кезде ұрлық қылып жүргенде өлген адамның құны жарты құн екен.

Аққошқар тұрып:

– Жарты, – депті.

Шәңкі:

– Олай болса, ердің құны жүз жылқы, соның елуіне келісім болсын. Сонымен қабат, Аққошқар, өз қолыңмен ағайын арасына құн дауын салғаның үшін айыбыңа елудің жартысын кешесің, – дейді.

Сонда Шәңкінің әділдікпен шешкен билігіне қарсы сөз айта алмай, төрттен бір құн алуды өзіне ар көрген Аққошқар:

– Әділдікпен шешкен билігің үшін, Шәңкі, қалғанын да кештім, – депті.

Құн алғанның орнына Шәңкінің «елдің берекесін, ердің қадірін асыра берейік» деген бәтуалы сөзіне тоқтам қып, тарқасқан екен.

* * * * *

Шыңғыс Уәлиұлының аға сұлтан кезінде Көкшетау қарауыл ішінде орта жүз елі бас қосқан бір үлкен ас болады.

Бұл асқа «Сағым-сары» деген талай ас-тойларда бәйге бермей жүрген желаяқ жүйрігін баптап Ұлытаудан найман Бағаналы елінің атақты батыры – Сандыбайдың Ерденінің інісі Дүзен-батыр отыз жігітпен келеді.

Ақ шатырдың ішінде биенің сүтімен суарылып тұрған Сағым-Сарыны бәйгеге қосуға далаға шығарғанда, еріккен жылқының әр атқа асылып, мойнын салып келемеждегендей наздағанын көтере алмаған бір қарауыл елінің жігіті Сағым-Сарыны бастан қамшымен тартып-тартып жібереді.

Бұны естіген Дүзен ашуланып: – Ағайын бәйгеге қосқалы тұрған атымның басына қамшы ұрғаның өз басыма қамшы ұрғанмен бірдей. Сағым-Сарыма бас бәйгені шаппай бересің! Айыбыңа үш тоғызды қоса бересің! Болмаса еліме ат шаптырып, қарулы қол алдырып, еліңді шабамын, – деп астың берекетін кетіреді.

Ойламаған жерден мұндай шатақтың шыққанынан сасқан Шыңғыс:

Шәңкі, мына шатақты бас, сенен басқаның бұған шамасы келмейді, – дейді.

Шәңкі-би екі жақпен де жалықпай сөйлесіп, ел, ағайын бірлігін негізге ұстап, асына шақырған ағайынның атының басына ұруды айып деп санап, Дүзеннің әкесі Сандыбайдың аруағына бір тоғыз, Дүзеннің өз абыройына бір тоғыз, Сағым-Сарының бәйге айыбына қасқа тоғыз беруге екі жағын да келістіреді. Ас жалғаса береді.

Ашуы басылып, айып алып, мерейі үстем болып отырған Дүзенге Шәңкі:

Иә, Дүзен, ер айыпты болғанмен, ел айыпты емес. Алған олжанды өзің басып отыра бермекпісің? – депті. Сонда жөнді сөзден аса алмаған Дүзен:

Жарайды, әкем Сандыбайға аталған тоғыз желіде қалсын, – дейді. Сонда Шәңкі-би:

Әй, Дүзен, бес қарулы батырмын дегенмен, ағаң Ерденнен төменсің. Атаңның атына аталған тоғызды – аруаққа тәнті, еліңе апар. Өзіңе аталған тоғызды абыройыңа тәнті, өзің ал, атамыз қазақта ат бәйгесі көпшіліктікі емес пе еді. Берсең қасқа тоғызды қалдыр! – дейді.

Дүзен: – Ә, солай ма еді? Онда, жақсы. Сағым-Сарының бәйге айыбы қасқа тоғыз желіде қалсын!¹

Сөйтеп, екі елді жеңіл-желпе айыппен бітіріп, елді жауластырмай, астың аман-есен тарқауына данышпандықпен шешім айтқан Шәңкі-би елдің мақтауына лайықты болып, ас жанжалсыз тарқаған екен.

* * * * *

Шәңкі-би Керей Тоқсан-бимен сөйлесіп отырғанда, Тоқсан баласына көңілі толмай-тынын білдіріп:

Әй, Шәңкі-ай, сені мен меннен өзімізге тартып бала тумады ғой, – депті. Сонда Шәңкі-би:

Би, неге олай дейсіз? Сенің балаң сен болмайды, менің балам мен болмайды. Біздер бұл дүниеден өткен соң оларда өз қатарынан кем болмайды, – деген екен.

* * * * *

Арықбай-бидің баласы Төкіш сапарда жүріп, қайтыс болғанда әкесі Шәңкіге естірткен Керей сөзі:

Алла ісіне бағынбай,
Басып өтер із бар ма?
Қайғы алмаған көкірек,
Жас ақпаған көз бар ма?
Нұрланған сипат көрікте,
Өзгермеген жүз бар ма?
Уа! Бұл дүние – бір кең сарай,
Іші қызық қоңыржай
Зейнеті оның тұрақсыз,
Талайлар көшкен көп тұрмай.
Мінсіз біткен шынардың,
Көркейіп шыққан бұтағы,
Үнемі тұрмас қуармай.
Өмірдің басы қуаныш,
Ақыры қайғы бір ойбай! – депті Арықбай.

Сөз парқын түсінген Шәңкі: – Төкішімен айрылған екенмін ғой! – деп төмен қарап отырып қалса керек.

Халық есіндегі материалдарды жинап құрастырушы:
Ғаббас Баталов

1984 жылдың 1 қазаны²

¹ Қасқа тоғыз деген – тоғыз құр аттан тұрады екен. Басқа тоғыздан айырмасы сол.

² Түпнұсқа А. Сатаевтың жеке мұрағатынан алынды.

Б.Д. Шайлазымов,
руководитель управления архивных технологий
Архива Президента РК

ОРГАНИЗАЦИЯ «ЭЛЕКТРОННОГО АРХИВА» В АРХИВЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Вопрос неуклонного роста объемов архивных документов ее систематизации и обеспечения сохранности является актуальным практически для всех предприятий и организаций, независимо от их рода деятельности, формы собственности и отраслевой принадлежности.

Сегодня наиболее используемым решением данного вопроса стала автоматизация процесса, путем внедрения современных информационных технологий, а именно организация многофункционального электронного архива учреждения.

Современный электронный архив должен как минимум обеспечивать быстрый поиск, прямой доступ к записанным на них сведениям с возможностью редактирования и функции передачи записанной информации по каналам связи, поэтому процесс ее организации является сложным, требующим комплексного подхода и существенных материальных затрат.




В 2004 г. в рамках принятой Государственной программы формирования «Электронного правительства» был разработан проект электронных архивов государственных органов СЭАГО, в соответствии с которым, в 2005 г. началась ее опытная эксплуатация на базе Архива Президента Республики Казахстан.

С тех пор, на протяжении 10 лет электронный архив АП РК находится в постоянном процессе улучшения и совершенствования, результаты работы будут изложены в данном докладе.

